Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

Жаркент Айнасы

№10 (31), 27 мамыр, сәрсенбі, 2020 жыл, jar-aina@mail.ru

АҚТАУ – АҚИҚАТТЫ МОЙЫНДАУ



Қазақ халқы үшін «ақ» сөзінен артық қасиетті де, қадірлі ұғым жоқ екендігі ежелден – ақ белгілі. «Халық жауы» атауымен бүтіндей қазақ халқының көзі ашық көкірегі ояу зиялылары мен жаңа тұрмысқа елін бейімдеуге жан аямай күрескен азаматтардың көзін жоя бастаған Сталиндік репрессия 30 – жылдардың ортасында барлық күшіне енгендігі аян.

Жас кезімізде отбасымызда үлкен ағаларымыз болғандығын естіп жүрсек те, олардың қашан, қалай қайтыс болғандығына балалығымыз мойын бұрғызбады. 50 – жылдардың аяғы мен 60 жылдардың ортасына таман есіміз кіргенде 7 – 8 сыныптарда оқып жүргенімізде кешкілік отбасына жиналғанда үйдегі үлкендер мен көрші аға - әпкелеріміздің әңгімелерінен көптеген үрейлі оқиғаларды естідік. Сталиндік жер аудару, соттау, тергеуге алып азаптау қинаудың небір түрін бастарынан өткерген әкеміз Мұса мен оның 1917 жылы туылған үлкен ұлы ағамыз Ауғанбайдың қиында қасіретті тағдырлары ойымды онға бөліп, санамды сымсыз шырмап жүрді. Оныншы сыныпты бітірерде ғана 1930 жылдардағы Сталиндік репрессия жайлы оның тек қана біздің отбасымыз емес аулымыздағы біраз ағайындарымыздында ұсталып 1937 – 1938 жылғы зобаланда қылмыстық кодекстің 58 бабының 10 тармағы бойынша кеңес өкіметіне қарсы үгіт – насихат жүргізгені және 58 баптың 11 тармақтары контрреволюционер делініп «Жау» атанып ұсталып, бірі атылып кеткендігін, бірі қыр сібірге айдалып, сонда өлгендігін енді біреулері ұзақ жылға лагерь азабын тартып ауру – сырқаулы болып оралып қайтыс болғаннан хабардар болдық. Қазақ халқына қарсы ұйымдастырылған ауыр геноцид туралы мына мәліметтерге көз салсаңыз жаныңыз түршігеді. Осы зобаланды туғызған, ұйымдастырған, жүргізген адамдарға еріксіз лағнет айтасыз.

«Ақ» сөзі адалдық пен тазалықтың пәктіктің белгісі. Ойларында туған жерімен адамдарына кіршіксіз қызмет ету ғана болған 1937 – 1938 зобалаң жылдары жазықсыз ұсталып атылып кеткен менің ауылдас ағаларымның қоғам алдында қандай кінәсы бар еді.

Өткен ғасырдың 60 - 70 жылдары біздің Алмалы, Басқұншы өңірінде Отан соғысына қатысқан ауылдың майдангерлері, тылда еңбек еткен ардагерлері, көпті көрген үлкендері, ақсақалдары көп еді. 9 мамыр Жеңіс мейрамында бір киер костюмдерінің омырауына ордендерін , медальдарын тағып, мектеп оқушыларымен, жұртшылықпен кездесулерден, митингіден соң кейін өздерімен бірге әскерге кетіп майдан даласынан оралмаған ауылдастарының, ағайын – туыстарының, одан кейін бірінің үйіне бірі кіріп құттықтап, үйді – үйді аралап, мерекелейтін.

(Жалғасы 4-5 бетте)

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ІЛЕ ӨҢІРІ АРҚЫЛЫ ӨТЕТІН ТАРМАҒЫ

Шығыс пен батыс елдері арасында болған сауда-экономикалық байланыс ежелгі заманнан бастап қалыптасқан. Сол трансконтиненталды сауда торабы ғылымда Ұлы Жібек жолы деп аталады. Оның қалыптасуы, негізгі тармақтары, онымен тасмалданған тауар түрлері, керуен жолдары бойындағы қалалар туралы көптеген зерттеулер мен ғылыми басылымдар жарияланған. Қазіргі ғылымда қалыптақан ресми тұжырым бойынша Батыс пен Шығысты байланыстырған сауда жолы б.ж.д. II ғасырда басталады. Керуен жолының ашылуы Хан әулетінің алғашқы императоры Удидің батыс елдерге, Нүкіс еліне (Тохарстанға, Юечжы,) жіберген елшісі Жаң Чянның іс сапарымен байланысты. Қытайдың батысындағы Дад-уан (Ферғана), Бақтрия, Парфия ірі елдер және олар құнды заттар шығаратынын, халқының отырықшы екендігін, әскери қуаты әлсіз, тұрмыс тәсілі Хән еліне ұқсайтындығын айта келіп, олардың батысындағы Нүкіс пен Қаңлы (Кангюй) елінің әскери күші мығым болғанымен ізгілік жолмен оларды бағындыра алса, Хән әулетінің құдыреті мен шапағатын төңіректің төрт бұрышына әйгілеуге болатындығы жайлы баяндаған Жаң Чян еді (Қытай жазбаларындағы қазақ тарихының деректері, 2006, 74-75). Сол Жаң Чян елшілігінің ізімен басталған сауда торабы XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап «Ұлы Жібек жолы» деген атпен ғылыми қалыптасты. Осыған дейін де Еуразия жерін мекендеген тайпалар арасында өзара айырбас және сауда байланысы болған. Зерттеуші мамандардың тұжырымдауынша б.ж.д. I мыңжылдықтың орта тұсында қалыптасқан сауда тораптары бізге «лазурит жолы», «нефрит жолы», «дала жолы», деген аттармен жеткен (Байпақов, 2007, 14-15).

VI-VII ғасырларда ұлы империяға айналған Түрік қағанаты әлем тарихындағы ең ірі мемлекеттердің бірі саналады. Қағанаттың қоластына кірген жерлер шығыста Моңғолстаннан батыста Памирге дейінгі аймақты қамтыды (Археология СССР. Сепи Евразии в эпоху средневековья, 1981, 29). Қағанат билік орнатқан осынау кең-байтақ аймақтың кіндігін осы күнгін Қазақстанның жері құрады. Ал қағанатың негізгі ұлттық құрамы қазақ жерін мекендеген ежелгі тайпалардан тұрды.VI ғасырдың 60 – жылдары ірі, қуатты да құдретті мемлекетке айналған қағанаттың Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық ықпалы күшті болды. Осындай жайлы жағдайда Ұлы Жібек жолының негізгі тармағының түрік жері арқылы өтуі заңды құбылыс еді. Ол туралы белгілі ғалым К.М. Байпақов былай деп жазады: «VI-VII ғасырларда Қытайдан Батысқа баратын Жібек жолының бұрынғы бағыты (Ферғана арқылы өтетін) жақын да ыңғайлы болғанына қарамастан Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін тармақ жедел жандана бастады. Сауда жолының бағыт ауыстыруының басты себебі Орта Азиядағы бүкіл сауда қатынастарын бақылап отырған түрік қағандарының ордасы Жетісуда болуымен байланысты. Оның үстіне Ферғана арқылы өтетін жол VII ғасырда өзара қырқыс соғыстар мен қарақшылықтың салдарынан қауіпті болды» (Байпақов, 1989, 36).

(Жалғасы 3-бетте)

ТЕГІҢДІ ҰРПАҚ ҰМЫТПА

(2- бетте)

НӘУБЕТ

(Поэма)



(7- бетте)

АШАРШЫЛЫҚ: СЕБЕПТЕРІ, САЛДАРЫ

30-шы жылдардағы алапат ашаршылық ұлттық апат – кездейсоқ тап болған зобалаң емес. 1917-1919 жж. Түркістан Республикасына қарайтын Сырдария және Жетісу облыстарында көшпенді халықтың миллионнан астамы, яғни бір ширегі опат болды. Мұның басты себебі – өлкедегі кеңес билігінің қолдарындағы қару-жарақ күшімен құлаған режімнің қанау саясатын жалғастырғанында жатқан.

Бұл XX ғасырда қазақ халқының басына түскен ұлттық апаттың бірінші кезеңі еді. Екінші кезең Қазақ Республикасында 1921–1923 жылдары орын алды. Оның да басты себебі – жергілікті халықтың отарлық қанау салдарынан кенеуі кете бастаған дәстүрлі шаруашылығын әуелі азамат соғысы, одан соң орталықтың азық-түлік жинау жасақтары одан әрмен күйзелтуінде еді. Қазақ халқы сол шақтағы жалпы санының тағы да бір ширегін жоғалтты.

Қазақ қайраткерлері ұлттық межелеу нәтижесінде екі өлкедегі жер-суы мен халқы бірігісімен, ашаршылықтың Үлкен Қазақстанда қайталануына жол бермейтін амалдарды қарастырған. Ресей Компартиясы Қазақ обкомының 1925 жылғы сәуір пленумында мал бағудың көшпенді түрі – егін егуге қолайсыз даланы шаруашылық кәдесіне асырудың бірден-бір ықтимал тәсілі ретінде мойындалды. Сондықтан да жайылымдарды суландыру, жем-шөп әзірлеу, қой тұқымын асылдандырып, құрамының сапасын жақсарту үшін көшпенді халыққа кең көлемде несие беруді аса маңызды шара деп тапты.

Сөйтіп Қазобком пленумы ауылшаруашылық несиелерін ауылға тікелей бағыттау, кооперацияны күшейту жайында тиісті шешім шығарды. Кең даланы игерудің бірден-бір тиімді жолы – көшпенді мал шаруашылығын дамыту екенін қаулысында атап көрсетті.

(Жалғасы 6-бетте)

ЗОБАЛАҢНАН ҚАЛҒАН ЗОР ҚАУІП

Өткен ғасырдың басында-ақ халық өзара бөліне бастады. 1917 жылдары Кеңестік бәлшебектер белең алып, Ресейдегі және онымен шекаралас Қазақстан тәрізді бодан елдерді «ақ-қызыл» деп екіге бөліп тастады емес пе. Осы саясат біздің қазақ халқына үлкен апат әкелді. Міне, осылайша өткен ғасырдың басынан-ақ қазақ тарихының қаралы беттері қалыңдай түсті.

1920 жылдардан бастап қазақ халқы қуғынға ұшырады. Көшпелі елдің қоғамдағы өзіндік құрылымын білмейтін қызыл бәлшебектер елді «бай-кедей» топтарына бөлді. Негізінен олар бірінсіз-бірі өмір сүре алмайтын, ғасырлар бойы қалыптасқан өз қағидалары бар «таптар» еді. Кедейдің байсыз, байдың кедейсіз күн көруі мүмкін емес еді. Олардың өмірі киер киімі, ішер асы, мінер көлігі болған малға тәуелді еді. Осыны түсініп қойған қызыл басшылар екі таптың арасына жік салды. «Байдың бар тапқаны, бүкіл байлығы, малы – сенікі. Сенің еңбегіңмен байып отыр ол» деп үгіт жүргізді. Қызуқанды, әсіре еліктегіш қазекем шекпеннің орнына әскери формы, таяқтың орнына винтовка ұстаған соң, бұрынғысын ұмытты. Ағайынды екі жігіттің бірі бай болса, кедейі оған жау болды. «Ел арасынан жік шықты, екі құлағы тік шықты». Қазақ бірін-бірі түсінуден қалды. Ауқатты қазақтар бас сауғалап көрші Қытайға, Түркияға, Мұңғылияға қаша бастады. Қызылдар қашқандарды қуып жүріп атты, асты, қырғынға ұшыратты. Біздің Жаркент өңіріндегі ел де Қытайға бет түзеді. Пулеметпен, бесатармен, нагандармен қаруланған қызылдар, қарусыз халықты қынадай қырды. Сылтауы – «олар ақтардың жақтастары» болды. Бейбіт елді неге аттың, неге құдаладың деп сұрайтын өкімет жоқ еді. Біздің Лесновка деп аталатын сайдағы ауылымызды мекен еткен ақ-казактар жағалауда қылт еткен мал мен адамды нысанаға алып, атып ойнағандарын біздің кезіміздегі қарттар өз көзімізбен көрдік деп отыратын.

(Жалғасы 6-бетте)

ТЕГІНДІ ҰРПАҚ ҰМЫТПА

Керей мен Жәнібек Қазақ хандығын құрғаннан бері қарай, Қазақ елінің бостандығы үшін күрескен қазақ азаматтары қаншама. Одан кейінгі 300 жыл бойы орыс басқыншыларының қол астында болған кезде нешеме көтерілістер болды. Бұл жағы бізге тарихтан белгілі.

Хан Кененің, Исатай-Махамбеттің, Торғайдағы Кейкі батырдың, Жетісудағы Албан-Суан көтерілістері. Жаркент өңіріндегі Әтікей батырмен Нұржекейдің орыс, қытай басқыншыларына қарсы ереуілдері.

Кейінгі қызыл империяның тұсындағы бостандық үшін күрескен қазақ зиялылары қаншама. Олар туралы тарихшыларымыз айтып та, жазып та жүр.

Міне осындай бостандық жолында күрескен әр өңірдің ел басқарған, елін қорғаған азаматтары баршылық. Солардың қатарында біздің Жаркент өңірінен шыққан бабаларымыздың да болғаны ақиқат. Сондықтан да бостандық жолында ата-бабаларының не істеп кеткендіктерін кейінгі ұрпаққа біздер жазып қалдырмасақ олардың ұмыт болары анық деген ойға келдім.

Сонымен көне көз қарттардан естіп, білгендерімді жинақтап, қағаз бетіне түсіруді жөн көрдім. Оқып көрген оқырмандардың алып қосарлары, толықтрулары болса, жас ұрпақтарға ата-тектерін біліп өсулеріне үлкен көмек болған болар еді.

1. Әтікей батыр – 1869 жылы қазіргі Алматы облысы, Панфилов ауданындағы Сарыбел елді мекенінде дүниеге келген. 20 жасынан бастап жасақ құрып, айналасына өжет те алғыр азаматтарды жинап, Жаркент уезіне қарасты құнарлы жерлерге орналастырылған орыс келімсектеріне қарсы қарулы күрестер ұйымдастырады. Нұржекей, Рысбек, Жанпейіс сияқты сенімді серіктері болады.

Орыс келімсектері шұрайлы жерлерді иемденіп, жер-су аттарын да өзгерте бастайды. Атап айта кететін болсақ Көкталды Голубиновка, Талдыны Лесновка, Алмалыны Смирновка деп атайды.

Орыс келімсектерінің осындай іс-әрекеттеріне төзбеген Әтікей батыр мен Нұржекей бастаған көтерілісшілер орыс әскеріне тұтқиылдан шабуыл жасап, тау-тасты паналап күрес жүргізген. Бұған қарсы Жаркент оязы Әтікейдің аталас туысы Тәнеке биді, құдасы Шегірек Торғайды шақырып, қысым көрсету арқылы Әтікейді қолға түсіруді тапсырады. Ақыры 1902 жылы Қарасай деген жерде орыс әскері Әтікей батырды атып өлтіреді. Нұржекейді тірідей қолға түсіріп, итжеккенге жер аударады. Әтікей батырдың жасақтары мен туыстары Қытай асып кетеді. Әтікей батыр жәйында Әбіләкім (Ғадулхәкім) молда дастан жазады. Өкінішке қарай бұл дастанның нұсқасы сақталмаған. Ел аузында жатқа айтылып жүреді. Мен бала кезімнен ел аузынан жинақтай бастадым. Соның нәтижесінде Кербұлақ ауданындағы Жоламан станциясында тұратын, Жалайыр-Андас Балпық бидің тікелей ұрпағы Нүсіпбекұлы Әпсәмет марқұмның аузынан Әтікей батыр дастанынан есінде сақталғандарын 1969 жылы қағаз бетіне түсіріп алдым. Ол кезде баспа бетіне жариялау мүмкін емес еді.

Қай жылы екені нақты есімде жоқ, 1980 жылдар шамасы ғой деймін, марқұм Балғабеков Мәлік: «Әтікей батыр жайында жинағандарыңды жазушы Бұқара Тышқанбаев сұрап жатыр, сол кісіге апарып берейін, мүмкін баспа бетінен жарық көріп қалар», – деп алып кетті. Бірақ ешқандай хабар болмай, қолжазбаларымды 2 жылдан кейін әрең қолыма түсірдім. Одан кейін 1982 жылы ҚазПИ-дің қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Асылжанов Бәзілжан қасында тағы бір адам бар екеуі ел арасындағы айтыс ақындары жайлы мәліметтер жинау мақсатында, Алматыда тұратын Изенаев Шәкен атаның айтуы бойынша мені әдейілеп іздеп келді. Сол сапарында менен Әтікей батыр жайында жиғандарым мен Әбіләкім Игембайұлының қолжазбаларын жазып алып кетіп еді. Бұдан да еш хабар болмай кетті.

Еліміз егемендігін алғаннан кейін «Әтікей батыр» дастанынан жиғандарым 1991 жылы Жаркент қаласында «Ұлағат» газетінің №4-5 сандарының беттерінен жарық көрді.

2014 жылы Әтікей батырдың туған інісі Әтидің шөбересі Нұртілеуұлы Сатан (Сатымбай) мен келініміз Жанаргүл екеуі Әтікей батырдың жатқан жеріне құлпытас орнатып, ел-жұртқа ас берді. Асқа жиналған жұртқа «Асыл кітап» баспасынан шыққан «Әтікей батыр» атты кітапшамды сый етіп тараттым. Әтікей бабамның рухы қолдап, қорғап жүргей.

2. Елі мен жерінің бостандығы үшін күрескен адамның бірі Мұқа болыс. 1880 жылдары Суан елі өсіп, екі болыс елге жеткен еді. Мұқа 1889 жылы 16 жасында Өсектің шығысындағы Байтүгей еліне болыс болып сайланады. Тоғарыстан жағына Стамшал болыс болады. Мұқа 1918 жылдары Алашорда ұйымына мүшелікке өтеді. Бір деректерде Мұқа алашордашыларды Алтынемел асуында қарсы алып, 90 өгіз сойып, азық-түлікпен, күш-көлікпен қамтамасыз еткен делінеді. Бұл туралы марқұм Армиял Тасымбеков архив мұрағаттарынан деректер тауып жазып кеткен. 1920 жылы Алашорда автономиясы құлағаннан кейін Мұқа болыс Кеңес тарапынан қуғынға ұшырайды да, Қытайға өтіп кетіп, Сүлеймен ақалақшыны барып паналайды.

3. Сүлеймен ақалақшы (1872-1933). Сүлеймен ақалақшы бастапқыда мінезді Мұқа болыспен екі арадағы келіспеушіліктер салдарынан 1890 жылдар шамасында Қытайдағы қазақтардың арасына өтіп кетіп, Кеген өзенінің жағасына егін егіп, мал өсіріп өмір сүреді. 1916 жылы Орыс патшасының жарлығы бойынша майданның қара жұмысына 19 бен 30 жас аралығындағы жастарды алуына қарсылық көрсетіп, орыс әскерімен қақтығысқан ел жазалаушылардың тегеуріні төтеп бере алмаған соң қытайға қашып өтеді. Сүлеймен босып барған елдің басын біріктіріп, ақалақшы (болыс) болады. Зобалаң жылдары Кеңес одағының коллективтендіру науқаны басталған кезде байлар біртіндеп қытайға өте бастады. Әсіресе 1925-1933 жылдары Қазақ өлкесіне бірінші хатшы болып келген Голощекиннің «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген солақай саясаты 1930 жылғы ашаршылыққа әкеліп ұрындырды. 1,6 миллион қазақ қырылды, көп бөлігі Қытайға, Ресейге, Түркіменстанға, Өзбекстанға, Қырғызстанға, Иранға, т.б. өңірлерге босып кетті. Осы кезде қытайға қашқан қазақтарды Қорғас өзенінен аман өтулеріне көмектесу үшін Сүлеймен ақалақшы Қытай өкіметімен келісе отырып, «Қорғаушы» жасағын құрады. Олардың қолдарында «Қорғаушы топ» деген қағазы болады. Осы кезде халық жағдайына, тілегіне қарай екінші өте құпия топ құрылады. Ол топта екі араның жолын жақсы білетін, әр рудын атақты батырлары: Қыстаубай, Кененбай, Мұқай, Жанпейіс, Шоңқыбай, тағы басқалар бар еді. Олардың да міндеті орыс жерінде қалған туған-туыстарды арғы жаққа аман-есен алып өту болады. Міне осындай елін сүйген азаматтар, елдің аман қалуына үлкен еңбек сіңірді. Марқұмдардың жандары жәннатта болғай!

1930 жылдары Қызыл империядан қуғын көрген қазақтар Қытайға көптеп өтеді. Сол жерде ел арасында әр істің жөнін білетін Мұқа Суандар мен бұрыннан сол жерді жайлап отырған Шерулерге 1933 жылға дейін болыс болады (Шеру - Найманның бір бұтағы Қызайдан тарайтын ұрпағы). 1932 жылы Қытайдың Жүн хуа өкіметі құлап, оның орнына Шыңдубан өкіметі орнайды. Осы кезде Совет өкіметімен Қытай мемлекеті арасында достық қарым-қатынас орнап, бұрынғы жаулары Совет өкіметіне қарсы күрескен адамдарды Әбіләкім молданы, Сүлеймен ақалақшыны, Мұқа болысты ұстатып, Үрімжі қаласының абақтысына қаматады. Сүлеймен түрмеде 1933 жылы қайтыс болып, сүйегін туыстары Кегенге алып келіп жерлейді. Ал Әбіләкім мен Мұқа болыс белгісіз жағдайда түрмеде қайтыс болады. Кейбір деректер бойынша Қытай билігі екеуін де Совет өкіметіне қайтарып беріп, осы жақта жазаланған дейді.

4. Әбіләкім Игенбайұлы – Бұхара шарифтен білім алған әрі молда, әрі ақын, тылсым күш иесі, болашақты болжай білетін адам болған. Артына өлеңмен көп мұра қалдырған. Әтікей, Нұржеке батырлар жайында дастан жазған. Кеңес өкіметіне алғаш қарсы шыққан адамдардың бірі. Бұл ақын кісі туралы Жетісу телеарнасы арқылы «Тарих парақтары. Қоңыр дәптер сыр шертеді» деген тақырыппен қойылымға түсіп, толық әңгімелегенмін. Қытай еліндегі Үрімжі қаласындағы баспадан 2001 жылы Таңжарық Жолдыұлының екі томдық өлеңдер жинағы басылып шығыпты. Құрастырушысы Оразанбай Егеубаев деген адам екен. Сол кітап қолыма тиіп одан мынандай жолдар көзіме түсті. Таңжарық Жолдыұлы Мұқа болыспен Үрімжі қаласында түрмеде бірге қамалып жатыпты. 1945 жылдың жазында сол түрмеде Мұқа қайтыс болады дейді. Сонда Таңжарық Мұқа болыстың басын сүйеп отырып, мынадай өлеңмен:

«Бар Мұқа, иманды бол, арыстаным,
Келмеске көзімізден алыстадың.
Қызығын екі дүниенің бірдей көріп,
Шықпады естіместей дабыстарың.
Бар Мұқа, иманды бол, қасқырым-ай,
Бір кезде жүруші едің асқынып-ай.
Отырған Көкдалада Шеру – Суан,
Келді екен не зобалаң бастығыңа-ай.
Паналап іштеріңе қашқын келсе,
Пана боп, басушы едің аптығын-ай.
Басыңа мұндай ауыр жүк түскенде,
Солардан бір араша болмады ма-ай.
Бұларға енді бүгін кім өкінер,
Қу нәпсі ақыр келіп жалмады ма-ай», – деп қоштасыпты.

Қалай болса да елім деп еңіреген есіл ерлер жұмбақ жағдайда мерт болады. Жазалаушылар сол кездері абақтыға қамалған Әбіләкім молданың да, Мұқа болыстың да сүйектерін еліне қайтармады.

5. Суанда 115 жасқа келіп дүниеден озған Сатай Әділбекбай деген әрі бай әрі шежіреші абыз қария болған. Бұл қарияның 9 ұлы болды. Қызыл империяның тұсында 1930 жылдары қолдарына қару алып, совет өкіметінің шегерашылары мен қытай өкіметі шеріктерімен қақтығыса жүріп, жандарын шүберекке түйіп, от пен оқтың арасында елін қиындықтан, ашаршылықтан құтқару мақсатында елді қытайға алып өтіп, банды атанған адамдар еді. Ол жерге көшіп барған елге Сүлеймен ақалақшы мен Мұқа болыс ие болып, жағдайларын жасап отырған. Қазіргі кездегі көзқараспен ойлап қарасақ бұлар банды емес, елін қиындықтан құтқарушы нағыз ерлер екен ғой.

Міне бұлардың осындай іс-әрекеттері жас ұрпаққа елін сүйіп құрметтеуге, Отанын қорғап патриот болып өсулеріне ықпалын тигізеді деп білемін. Мен Иманбекұлы Сламжан, Әжібекұлы Әбдірақым, Еламанұлы Тоқбай, Балабекұлы Батырғали, Дүйсебаев Рақымжан, Нүсіпбекұлы Жарқымбек, Сәдуоқасұлы Данияр, Ноғаев Тұрған, Әміреұлы Сатан, Жапарқұлұлы Тұрғанғазы т.с.с. көне көз қариялардан естіген адамдар жайында ғана жаздым. Жоғарыда айтылған адамдар сияқты Жаркент өңіріндегі әр руда мұндай адамдар жеткілікті. Олар туралы мен толық мәлімет білмейтін болғандықтан жаза алмадым, сөге қоймассыздар.

Осы алған мәліметтерімді жас ұрпақтар ата-тегінде қандай тұлғалардың болғандығын біле жүрсін деген ниетпен «Жаркент айнасына» жолдап отырмын. Газет бетіне жариялануына қол ұшын беріңдер.

Құрметті ел азаматтары, сіздер де өз естігендеріңіз жайлы, халықтың құрметіне бөленген адамдар туралы жазып, ат салысыңыздар. Менің жазғандарымның жаңсақ айтылған жерлері болса алдын-ала кешірім сұраймын. Нақты деректерге сүйеніп, түзетсеңіздер рахметімді айтамын.

Ізгі ниетпен, зейнеткер ұстаз
Байнөсеров Ғабдулла Балабекұлы.
Талдықорған қаласы.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ІЛЕ ӨҢІРІ АРҚЫЛЫ ӨТЕТІН ТАРМАҒЫ

(Басы 1-бетте)

Осы тұста қытайдан батыс елдеріне баратын керуен жолын бақылауға ынталы Қытай, Парсы, Үндістан және Византия секілді алпауыт мемлекеттер өзара күреске түсті. Осыған байланысты Персиямен керуен жолдары үшін соғысқан Византия өзіне сенімді одақтас іздеп Батыс Түрік қағанатына арнайы елші жіберген. Византия императоры Юстиняннның жіберген елшісі З. Киликийский түріктің сол кездегі қаганы Дизабулмен (Естеми) Тараз қаласында (568 ж) кездескені жайлы деректерден белгілі (Сенигова,1972, 10-11). Екі жақты елшілік байланыстың орын алуы сол кездегі Еуразия құрлығында қалыптасқан саяси-экономикалық жағдаймен тікелей байланысты өрбіді.

Ғылымдағы өмірінің бір бөлігін осы Ұлы Жібек жол тақырыбын зерттеуге арнаған К.М. Байпақов пен археология институты ұжымының соңғы жылдарда жүргізген археологиялық зерттеулері Қытай мен Батыс елдерін байланыстырған керуен жолы тармақтары Қазақстан жерімен бірнеше бағытта өткендігін көрсетеді. Сол тармақтардың барлығы да Жетісу арқылы өтеді екен.

VI – VII ғасырларда Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін бағыт негізгі бағытқа айналды. Керуен жолының басты бағытының өзгеруіне себеп болған Еуразия құрлығының басым бөлігін өзіне қаратқан Түрік қағандығының құдыретімен байланысты. Сонымен қатар сатып алу мүмкіндігі жоғары түрік қағандары мен оның айналасындағылар шеттен келген тауарларды басты тұтынушыға айналды. Басты бағытқа айналған Жетісу торабы арқылы VII – XIV ғасырлар аралығында көптеген сауда және елшілік керуендері өткен. Осы жолмен жүріп өткен қытайлық будда қажысы Суань Цзян түріктердің тұрмысы, дәулеті, салт-жоралғылары мен киім киу үлгісі жайлы жазып қалдырған. Қажы түріктердің тұрмысын сипаттай келе қаганның түрлі түсті жібектен шапан киіп, басына жібек сәлде орағанын, оның маңындағы тарқандар парша шапан кисе, жауынгерлер жүннен тоқылып, былғарымен қапталған киім киетіндігі жайлы жазған (Зуев, 1960, 87-89].

Қытайдан батысқа қарай бағыт алған керуеннің Қазақстан шекарасы арқылы өтетін бөлігі жоғарыда айтылғандай Хами, Турфан, Бесбалық, Шихо арқылы Іле өңіріне түседі. Соңғы кездегі археологиялық зерттеулердің нәтижелері мен жазба деректер қытайдан батысқа қарай шыққан керуен Қазақстан шекарасының үш жерінен: Жоңғар қақпасы, Қарғос және Нарынқол арқылы өткендігін анықтады. Енді осы бағыттарды археологиялық зерттеу мәліметтерімен байланыстырып көрейік.

Алғашқысы Жоңғар қақпасы арқылы Алакөлді жағалап батысқа қарай өтетін керуен жолы. Қытаймен Қазақстан арасындағы шекарадан Жоңғар қақпасы арқылы өткен бұл жол Достық бекетінен батысқа қарай 15 км жердегі Шындалы өзеніне түседі. 2013 жылы жүргізілген археологиялық іздеу жұмыстары барысында Шындалы өзенінің сол жағасынан төрткүл тектес бекеттің орны (мүмкін керуенсарай) табылды. Осы кішігірім бекеттің көлемі 30х30 м, сыртқы қабырғасынан қалған үйіндісінің биіктігі 1-1,5 м. Сыртқы қақпасы оңтүстік-батыс қабырғасының орта тұсында. Үстінен жиналған қыш ыдыстардың сынықтарының сипаты керуен жолы бойындағы осы бекеттің IX-XII ғасырлар аралығында болғандығын аңғартады. Яғни шекарадан өткеннен кейінгі алғашқы бақылау бекеті немесе керуен тыныс алған орын болған. Одан батысқа қарай Жоңғар Алатауының солтүстік бөктерін жағалай кететін көне керуен жолының жер бетінде сақталған бедері спутниктен түсіріліп алынған фотосуретте анық көрініп жатыр. Осы керуен сүрлемі батысқа қарай тағы да 15 км өткенде Тоқта өзеніне тіреледі. Өзеннің керуен жолымен тоғысқан тұсында тағы да бір төрткүлтөбе анықталды. Шартты түрде Тоқта бекеті аталған осы төрткүлдің көлемі: 40х40 м, сыртқы қабырғаларының құландысының биіктігі 1,5 м шамасында. Бұл бекеттің де мерзімделуі алғашқысымен шамалас. Тоқтадан шыққан керуен ізі тауды бөктерлей отырып батыста 40 км жердегі Ырғайты өзеніне барады. Осы өзеннің жағасында да бір бекет болуы мүмкін. Бірақ, ол қазірге анықталмады. Өзеннің сол жағасына өткен керуен жолы тауды бөктерлей отырып 25 км жердегі Үлкен Сеңгір өзенінің сол жағалауындағы биік дөңдегі сыртқы қабырғасы дөңгеленіп келген бекініс арқылы Қоныспай өзенінің сол жағасында жатқан төрткүлге жеткен. 2013 жылы алғаш ашылып, Қоскеліншек деген атау берілген осы төрткүлде 2014 ж. археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеуді «Жер-Су» корпорациясының президенті Бауыржан Кеңесбекұлы Оспановтың қаржылай көмегімен Қазақ ұлттық университетінің Алакөл археологиялық экспедициясы (Төлеубаев Ә.Т.) жүргізді. Зерттеу барысында төрткүлдің орналасқан жері, көлемі, өмір сүрген уақыты, атқарған қызметі, ортағасырлық тұрғындардың өмірінде алған орны жайлы бірсыпыра мәліметтер алынды (Төлеубаев, 2016, 205-206). Қазба жұмыстары кезінде жиналған материалдардың сипаты мен ескерткіштің топографиялық ерекшелігі, нысанның IX-XI ғасырлар аралығында осы жерді мекендеген тұрғындардың жаз маусымы кезінде уақытша тұрған мекені немесе сауда керуендерінің тыныс алатын орны болғандығын білдіреді. Қоскеліншектен тау өзенін төмен қарай жағалап түскен керуен 6 км жердегі Көктума кентінің орнында болған ортағасырлық қала орнына жетеді. Алакөлдің оңтүстік-батыс жағалауында жатқан Көктума қалашығын Байпақов қимақтардың бірінші қаласы Карантия болуы мүмкін деп болжаған (Байпаков, 1998, 17-18; Байпаков, Савельева, 2005, 105-106). Ол қалашық туралы кезінде Г.А. Кушаев жазған болатын. Өкінішке қарай Көктума қалашығын әлдеқашан көлдің суы жуып кеткен (Кушаев, 1968, 141-142]. Көктумадан батысқа қарай беттеген керуен Акши ауылының шетіндегі жаңа ашылған төрткүлтөбе арқылы Үшаралға өткен. 2013-2014 жылдары Алакөл өңірінде жүргізілген археологиялық барлау кезінде анықталған бұл ескерткіш әлі ғылыми тіркелмеген. Оның гографиялық координаттары С. 45°59`01,24``; Ш 81°30`13,14``теңіз деңгейінен биіктігі 356 м. Ескерткіште қазба жүргізілмеген. Тең төртбұрыш болып келген бұл төрткүлдің көлемі 115х115, биіктігі 1-1,5 м. Сыртқы сипаты мен орналасқан жерінің ерекшеліктеріне қарағанда, ескерткіш IX-XI ғасырлардағы керуенсарайдың орны деп болжауға келеді. Керуен-сарай орналасқан жер «Ебінің желі» аталып кеткен сұрапыл дауыл өтетін бағыттан тысқары жатқан аймақ. Бұл тұста «Ебінің желі» аса қаһарлы емес. Осы сарайға жетіп, демін алған керуен батысқа қарай Тентек өзенінің оң жағалауында 50 км жерде болған Үшарал қалашығы арқылы Қарабұлақ бекінісіне, одан әрі Қойлық (Қаялық), Екі Оғыз (Еквус) қалалары арқылы Іле өзенін жағалап келетін жолмен біріккен. Керуен жолының осы тармағы ауа райының қолайсыздығына байланысты белгілі бір уақыт аралығында (жаз мезгілінде) ғана пайдаланылған болса керек. Оған себеп болатын Алакөл қойнауының қатаң ауарайы мен сұрапы желі жайлы кезінде Г. Рубрук та жазған болатын. Ол Алакөл қойнауы мен оның ауа райын былай сипаттаған екен: Қойлықтан шыққан соң «... үш күннен кейін жоғарыда айтылған көлдің жағасындағы өңірдің бас қаласына жеттік. Көлдің ортасында үлкен аралды көрдік. ... ол (көл суы) тұзды екен бірақ, ішуге жарамды. Үлкен таулар арасында оңтүстік-шығысқа қарай ашық алқап созылып жатыр. Алда таулардың арасынан тағы бір көл кездесті. Екі көлдің арасында өзен ағып жатты. Осы алқапта сұрапыл жел (Ебінің желі) тоқтаусыз соғып тұрады екен. Бұл жерден өткен адамдар долы жел өздерін көлге алып ұрады ма? деген қауіппен өтеді екен. ...» (Путешествие в восточные страны Плано Карпини и Гильом де Рубрука, 1993, 117). Алакөлдегі Рубрук айтатын үлкен арал осы күнге дейін бар, сұрапыл жел де болып тұрады. Археологиялық барлау жұмыстары барысында Жоңғар қақпасынан Үшарал қаласына дейінгі 160 км аралықта тізбектеліп орналасқан оншақты төрткүлтөбе, бекініс орындары мен керуен-сарайларға ұқсас ескерткіштер анықталды. Олар топографиялық ерекшелігі жағынан негізінен төрбұрышты келген және көлемдері әртүрлі. Кішкенелері 30х30х1 м, орташалары 50х50х1,5 м, үлкендері 115х115х 1-1,5 м келеді. Біздің пайымдауымызша осы төрткүлдер сауда жолы бойындағы шекаралық бекет, бекініс, керуенсарайы орындары болуы мүмкін. Төрткүлдердің үстінен жиналған қыш ыдыстардың жасалу тәсілі, сапасы мен сипаты бір-біріне өте жақын. Оларды Шу, Талас өңірлері мен Оңтүстік Қазақстанның материалдарымен сәйкестендіру шартты түрде IX – XI ғасырлар аралығымен мерзімдеуге мүмкіндік береді. Сонымен Алакөл қойнауында жүргізілген археологиялық зерттеулердің мәліметтері Қытайдан Жоңғар қақпасы арқылы өтіп, Жоңғар Алатауын бөктерлей Лепсінің бойындағы Қойлық (Қаялық) қаласына одан әрі Ақсу, Көксу, Іле өзендерінен асып, Талғар мен Алматы арқылы Қастек асуымен жүріп Ыстықкөл, Шу өңіріне кететін сауда торабы Қимақ дәуірінен бастап монғол шапқыншылығына дейінгі аралықта жанданған деп айтуға болады.

Екінші бағыт қытай жеріндегі Алмалық қаласынан Қарғос (Қорғас) шекаралық бекеті арқылы өтіп, Іле өзені жағасындағы Ілебалық қаласына соғып, одан әрі қарай өзенді кесіп өтіп, Шелек, Есік арқылы Талхизге жеткен. Зерттеушілердің мәлімдеуінше Талхиз (Талхир) бен Алматы Жетісу арқылы өтетін керуен жолының жан-жақа таралушы буынды орталығы болған (Байпақов, Савельева, 2005, 103-104). Бұл тораптың болғанын жазба деректер мен археологиялық зерттеулер нәтижелері растайды. Мәселен, Гетум I бастаған армян елшілігі 1254 жылы моңғолиядан осы торап арқылы қайтқан. Елшілік Қарақорымнан Түркістанға, одан Екопур, Динкапелех, Пулат, Сүткөл арқылы Алаулех (Алмалық) және Иланбалыққа (Ілебалық) одан әрі Іле өзенінен өтіп, Тавыр тау бөктерін жағалай Даласқа (Тараз) жеткені жайлы жазылған (Гандзакеци Киракос, 1976, 223). XIII ғасырда Шағатай ұлысының астанасы болған Алмалық қаласының орны бұл күнде анықталған. Қаланың қираған орнында Шағатай ұлысының шығыс бөлігін билеген Құтылық Темірдің (1362-1363 ж.) кесенесі сақталған. Ал қалашықтың өзі қазіргі Қорғас шекаралық бекетінен оңтүстік-батысқа қарай 15 км жерде жатыр. Осы айтылған бағытта жүргізілген археологиялық зерттеулер Жаркент қаласының төменгі жағындағы Үшарал елді мекенінің маңында орналасқан ортағасырлық қаланың орнын анықтады. Қала орнының басым бөлігі шаруашылық жұмыстары мен тұрғын үйлерді салу барысында бұзылып кеткен. Ескерткіштің бұзылмай қалған бөлігінде 2017-2018 жылдары жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған қыш құмыралар, теңгелер, әшекей бұйымдары, т.б. археологиялық олжалар осы жерде болған ортағасырлық қаланың керуен жолы бойындағы орташа көлемдегі сауда-экономикалық орталық болғандығын аңғартады. Зерттеу жұмыстары кезінде теңгелер мен әшекей бұйымдары сақталған көмбе табылды. Көмбеден шыққан теңгелерді сараптау оның құрамындағы мыс және күміс дирхемдер XIII – XV ғасырларға жататындығын анықтады. Ал қазбадан шыққан жекелеген теңгелердің арасында XI-XII ғасырларға жататындары да бар. Теңгелерді сараптау олардың басым бөлігінің ортағасырлық Алмалық қаласында соғылғандығын анықтады. Сонымен қатар қала аумағынан бетінде несторяндық крес пен жазуы бар қабір басына қойылатын белгітас табылды. Дәл осыған ұқсас белгітас кезінде Алмалықтан да шыққан. Осындай ұқсастықтары мен қалашықтың хронологиялық шеңбері Байпақовтың Гетум жолжазбасындағы Иланбалық (Ілебалық) осы деп баламалауына негіз болды (Байпақов, 2015, 95-97). Байпақовтың тұжырымымен келіспеуге ешқандай негіз жоқ. Елшіліктің жолжазбасында келтірілген бағыт пен екі қала (Алмалық пен Ілебалық) арасындағы қашықтық толығымен сәйкес келеді. Екі қаладан табылған археологиялық заттардың мерзімделуі мен сипаты өзара ұқсас. Алмалық пен Ілебалықтан несторян діні өкілдерінің ескерткіштерінің табылуы Іле өңірі арқылы өткен сауда жолы бөгде дін өкілдерінің де еркін таралуына ықпал еткендігін білдіреді.

Үшінші бағыт Құлжадан Нарынқол маңындағы Баянкөл шекаралық бекеті арқылы Қазақстанға қарай өтіп, Қарқара, Кегеннен Шарын өзенін кесіп, Шелек, Түрген арқылы Талхирға жеткенде алғашқы екеуіне қосылады. Одан әрі Алматы арқылы батысқа қарай бет алған. Алматыдан Шу өңіріне қарай өтетін жолда екі бағытпен өткен. Біріншісі жоғарыда айтылған Қастек асуы арқала Шу өзенінің жоғарғы ағысынан шығатын жол. Екіншісі Алатаудың теріскей бетін жағалап Қордай асуы арқылы кеткен. Бұл екеуі де Шу бойында түйісіп, Аспара, Мерке, Құлан арқылы Таразға өткен.

Қытайдан батысқа қарай бет алған керуен жолының Қазақстан шекарасынан үш жерден (Жоңғар қақпасы, Қарғос, Нарынқол) өткен бағыты Талхирде түйісіп, осы тұстан ішкі тармаққа да бөлінген. Солардың бірі солтүстікке қарай Ілені жағалай жүріп Балқаш көлін кесіп өтіп, Орталық және Солтүстік Қазақстанға қарай кеткен жол. К.М. Байпақов пен Т.В. Савельеваның Жетісу жерінде жүргізген зертеулері нәтижесінде Іле өзені мен оның көне арнасын жағалай Бояулы, Ақтам, Ағашаяқ, Қарамерген, Барқан қалашықтары Балқаш көліне дейін тізбектеліп орналасқандығын анықталды (Байпақов, 2013, 265; 8, 2005, 30-31). Қалашықтардың барлығы да төртбұрышты келген. Көлемдері 180х180; 180х190; 120х120; 200х200 м, сақталған биіктіктері 1 ден 3 мтрге дейінгі аралықта. Қалашықтардың барлығы да XI-XIII ғасырлар аралығымен мерзімделеді, яғни бір уақыт аралығында тіршілік кешкен. Шамасы Бақанастың маңынан солтүстікке қарай бұрылып, Балқашқа барып құйған Іленің көне арнасы жоғарыда айтылған уақыт аралығында суы толып аққан және оның жағалаулары тіршілікке қолайлы көк майсалы, жеруйық болған. Осы қалалар тізбегінің солтүстікте ең шеткісі Барқан Ортасудағы өткелдің басында орналасқан. Балқаштың Ортасу өзені құятын тұсы мамандардың айтуынша сол заманда өте жіңішке, белгілі бір мерзімде арғы жағаға қиындықсыз өтетін орын болса керек.

Ендігі айтатын нәрсе жоғарыда келтірілген керуен жолының Жетісу жері арқылы өтетін үш тармағының бойында жатқан керуенсарарайлар, бекініс, бекеттер, өңірдің орталығы болған қала орындарының зерттелуібылай тұрсын ғылымға беймәлімдері қаншама. Олар жайлы санаулы мамандар ғана біледі. Егерде осы бағытта тыңғылықты археологиялық зерттеулер жүргізіп, жиналған мәліметтерді ғылыми айналымға қоссақ әлемдік мәдениеттің өзара жақындасуына үлкен үлесін қосқан Жетісу өңір тарихы жайлы тың мәліметтер берері сөзсіз.



Ұлы Жібек жолының Жетісу арқылы өтетін тармақтарының картасы

Дөкей ТАЛЕЕВ,
Ә. Марғұлан атындағы археологиялық институттың жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, археолог.

АҚТАУ – АҚИҚАТТЫ МОЙЫНДАУ

(Басы 1-бетте)

Ұл – қыздары құрметтеп дастархан жасап оларды сыйлап отыратын. Сондай сәттерде 1937 – 1938 жылдары ауылдан ұсталып кеткен адамдардың есімдерін атап қалып, естеріне түсіретін тиіп - қашып әңгіме айтатын, тереңдемейтін. Сөйтсек, нәубет жылдың салқын сызы оларды әлі де шошытады екен ғой. Атам Солтанай батырдың інісі Асубайдың қызы Оразбүбі (Ожан) әпкеміз көзі ашық сауатты, кезінде Алмалыдағы ең алғашқы ашылған бастауыш мектептің тұңғыш түлектерінің бірі болған кісі еді. Кешкілік жинала қалған кейбір кездерімізде менің әкем Солтанаев Мұсаның «Халық жауы» деген жаламен төрт – бес рет ұсталғанын, бірақ әкесі Солтанай батырдың елге, өкіметке сіңірген еңбегі бар екендігін ескеріп және қызыл әскердің бірінің баласы болғаннан кейін босатылып жіберілетінін айтып отыратын. Әкеміз Каспий теңізі жағалауында канал қазу жұмысына барып келгендігінің өзі бір тарих еді. Бірақ көзі ашықтардың отын сөндіруге ден қойған қараниеттілер жасы келіп қалған әкемді қойып Қорғас комендатурасының қосалқы шаруашылығының малын бағып жүрген әкемнің үлкен ұлы Солтанаев Ауғанбайды (1917 жылғы) «жапонның шпионы» (сол кездегі тағылған айыптың түрі) деп көрсетіп жібереді. Патшалық Ресейдің отаршылдық пиғылының сарыны яғни, қазақ жерін түгелдей өзіне қаратып, елін біржолата құлдық бұғауда ұстауға ұмтылуы, ділі мен тілін, салт – дәстүрінен айыру үрдісі Кеңес үкіметі орнағаннан кейін де жасырын түрде коммунистік идеямен бүркемеленіп, жалғасын тапты. 1920 жылдар мен 1930 жылдардағы қасақана ұйымдастырылған ашаршылықтан кейін 1937 жылдарда шарықтау шегіне жетіп, қанды қасапқа ұласқаны ақтаңдақтар ақиқатына жетуге жол ашылғаннан бері құпиялықтың таңбасы басылған тарихи құжаттар мен архив материалдарына қол жеткеннен бері анықтала түсті. Екінші дүниежүзілік соғыс тың басталуы «Халық жаулары» мен «Өзгеше ойлайтын қоғамға жат элементтер» - деп саналатын адамдарды жоюдың таптырмас құралы болып шықты. Соғыстың алдыңғы қатарына айыптылар батальоны деп аталын бөлімдерге жіберіп, көздерін екі жақтап алдынан фашистер артқа шегініс жасаса «смерш» тобы жойып отырды. Ұлы Отан соғысы гүрілдеп жүріп жатқан кезде әкеміз Мұса мен баласы Ауғанбай тылда жан аянбай майданға қызмет етті. Соыс кезіндегі қиындыққа мойымай, жауынгерлерге жіберілетін барлық көмектің ішінде олардың да үлесі болды. Әкеміз Қорғас ауылына орналасқан әскери комендатураның қосалқы шаруашылығын балаларымен жүргізді. Сиырын, қойын күзетке мінетін аттарын бақты, қарады. Үлкен баласы Ауғанбай осы жауапты шаруаның бәрін 1943 жылы соғысқа алынған інісі Еркінбай екеуі атқарды. Солтанаев Ауғанбайдың бастауыш кластық білімі ғана бар болғанымен әртүрлі мәселелерден хабары бар, бірақ қақ – соқпен ісі жоқ, әрдайым әкесінің қасынан шықпай барлық жұмысты тындырып жүрген азамат екендігін әпке – жездеміз айтып отыратын. Мал бағып жүрген жерінен 1944 жылы сәуірдің 3 к.ні тұтқындалынып, Жаркент түрмесіне жеткізіліп, тергеуге алынған. Тағылған айып РСФСР Қылмыстық кодексінің 58 бабының 10 тармағы бойынша яғни Кеңес үкіметіне қарсы оны құлатуға, үгіт – насихат жүргізді, оның негізін әлсіретуге тырысты делінді. Талдықорған облыстық соты А.Солтанаевқа тағылған айып бойынша жеті ай бойы қараған соң 1944 жылдың 25 қарашасында үкім шығарған. Бірақ тергеу барысында құрамында қылмыс ізі жоқ болғандықтан тергеу тоқтатылып, іс қысқартылған. Ағамыздың бұдан былайғы өмірінде қандай оқиғалар болды түрмеден босатылды ма, жоқ жазасын қай жерде өтеді бұл беймәлім болып тұр. Әпкеміз Асубаева Оразбүбінің айтуы бойынша ағасын шекара маңында мал бағып жүргенде қайдан келгені белгісіз екі қыз келіп жол сұраған, оларға жол сілтеп жіберген соң ұзамай НКВД адамдары келіп, ұстап әкеткен. Ағамызға тағылған айыптың қисынсыздығы көзге ұрып тұрады. «Жапон тыңшысы». Екінші дүниежүзілік соғыс алдында Герман фашизмі мен милитаристік Жапонияның ауыз жаласа қойғаны қазақ үшін қасіретке айналды. Осындай жаламен көптеген азаматтар қорлық құрсауына түсті, тозақ отына оранды. Ауғанбай ағамыз да нақақтан айыпталып, айналасы аз жылда дүниеден өтті. 1948 жылы небәрі 31 жасында түрмеден алған азапты қинауды бастан өткеріп, жүрек талмасынан қайтыс болып кеткен. Әпкеміз айтатын тергеушілер сұраққа алып, мойында деп тепкілеген кезінде жүрек қантамыры үзіліп кетіпті дейді. Кейіннен 1960 жылы қыркүйек айының бірі күні Қазақ кеңестік Социалистік республикасы Алматы облыстық қауіпсіздік комитеті басқармасының шешімімен «КСРО дағы саяси террордың құрбаны ретінде» ақталған. Жазықсыз тұтқындалып, ауыр азаптан қайтыс болған А.Солтанаев туралы Ұлы Отан соғысының ардагері, соғыс кезінде гаубица сүйреушісі болған ерлігі үшін бірнеше медальдармен марапатталған Қожан Батырқұлов ағамыз былай деп еске алатын: сенің үлкен ағаң Ауаш екеуміз түйдей құрдас едік. Екеуміз де 1917 жылы туылғанбыз. Түрмеден босап келіп, қайтыс болды ғой. Азаптау өтіп кеткен болуы керек.Қайтыс болғанда Алмалы ауылының кіре берістегі сол жақтағы зиратқа жерледік. Ақымға өзім түсіп, арулап, торқалап, өзім қойдым. Сым – костюмін өзім кидім» - деген сөздері әлі күнге дейін жазбада және құлағымда тұр.Атасы Солтанай батырдың 1917-1920 жылдардағы ақгвардияшыларға қарсы жасаған ерлік істерін қағазға түсіріп, Мәскеуге хат жазған әкем Мұса мен әпкеміз Оразбүбінің арашасының арқасында Ауғанбай ағамыз түрмеден босап шыққан. Отбасымыздағы қасіретті жағдайлардың жалғасы Еркімбай ағамыздың Ұлы Отан соғысына 1943 жылы 18 жасында алынып, 1944 жылы 6 қазанда 19 жасында майдан даласында жараланып, қазіргі Ресей федерациясындағы Дағыстан автономиялық республикасының орталығы Махачқаладағы госпитальда ауыр жарақатынан көз жұмып, сол жердегі қала ортасындағы парктегі бауырластар зиратынан мәңгі орын алуымен сабақтасады. 1943 жылы 19 жасында ел үшін қан майданда қаза тапқан ұлынан хабарсыз кетті деген қарақағаз алған әкем Мұса баласы Еркінбайды өзі көз жұмғанша іздеумен болған. Оған дәлел үйдегі шешеміздің көне сандығындағы сақталып, күні бүгінге дейін жеткен Қазақ ССР-ның Панфилов аудандық әскери коммисариатының 1951 жылғы маусым айындағы № 123 хабарламасында «Сіздің балаңыз Мұсаев Еркінбай 1944 жылы 6 қазанда майдан даласында хабарсыз кетті»,- делінген қаралы қағазы. Сұрапыл соғыста аясыз алысып ауыр жараланып, әскери госпитальға түсіп, кейін сол жарадан қайтыс болған ағамыздың дерегін 1980 жылы 24 сәуір айында таптық. Сол жылғы «Социалистік Қазақстан » газетінің 12 сәуірдегі нөмірінде «Батырларға бас иейік» - деген мақаладағы бауырластар зиратына жерленген 3500 жауынгердің 2500 – нің сол уақытқа дейін белгісіз болып саналып келгендігі айтылған. Жергілікті қызыл ішілдердің «Поиск» тобы мен сол белгісіз жауынгерлерінің аты-жөнін анықтауда қыруар жұмыс жүргізген. 1980 жылы 9 мамыр Жеңіс күніне қарсы ашылатын мемориалдық комплекске анықталған жауынгерлердің аты-жөні қашалып жазылған, ал газетте жарияланған 38 жауынгердің тізімінде 22- ші болып бауырымыз Мұсаев Еркінбай тұрды. Донецк обылысының тұрғыны ауыл шаруашылығы техникумының оқытушысы Макаров Владимир Федеровичке хат жазып осы атқарған ісі үшін отбасымыздың ризашылығын білдірдік. Қазақ айтпақшы өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды. Ұзақ жылдай дүдамал күйде жүрген көңіл жай тапты. Қуаныш жалғыз болмайды екен. Сол жылдың 28 сәуірінде отбасымызда дүниеге келген қызымызға жауынгер атасының есімін беріп, Еркінгүл деп атадық. Қазіргі кезде Еркінгүліміз филология ғылымының докторы. Әль- Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің оқытушысы. Батыр атасының атын лайықты алып жүр. Біздің Солтанай батырдың тұқымы кеңес өкіметі бәрібір тыныш қоймаған сияқты. 1946 жылы туылған менен үлкен бауырым Солтанаев Беркімбай Кеген ауданындағы Сарыжаз, Ақсай ауылдарында бастауыш сыныптарда мұғалім, содан кейін аудандық «Коммунизм нұры» газетінде жұмыс істеп жүргенде 1968 жылы әскер қатарына шақырылып, Ресей федерациясының Қиыр Шығыстағы әскери – теңіз флотында сүңгуір қайықта гидроакустик қызметін атқарды.

Мектеп қабырғасында жүргенде математика пәніне жүйрік, әрі ақын еді. Ағамыздың осы жақсы қасиеттерін бірге оқыған сыныптасы, жолдасы ұзақ жылдан бері Алматы облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы қызметін атқарған Жақыпжан Нұрғожаев жиі есіне алады.

1969 жылы кеңес - қытай шекаралық жанжалы белең алып, Владивосток жақтағы Даманск, Шығыс Қазақстан облысындағы Жалаңашкөл оқиғасы талай кінәсіз жасты қыршынынан қиды. Сол жылдарда су астындағы сүңгуір кемеде әскери міндетін өтеп жүргенде кеме минаға ұрылып, мина кемені қатты зақымдаған. Сондағы қатты жарылыстан ағамыз қарақұсынан қатты жарақат алып, Владивостоктағы әскери госпитальда төрт – бес ай жатып емделіп, әскери комиссияның ұйғарымымен «бейбіт кезде» әскерге жарамсыз деген анықтамамен ауылға оралды. Ауылға оралған соң екі – үш жылдай жеңіл – желпі жұмыс жасап арамызда жүрді. Әскердегі болған оқиғаларды әңгіме етіп отырғанда, жан – жағына жалтақтап қарап, қасымызда ешкім жоқ па деп алақтап отыратын. Әскерден қайтару алдында 1969 жылғы кеңес – қытай қақтығысы кезіндегі қантөгіс оқиғалары туралы тіс жармау қажеттілігін мемлекеттік қауіпсіздік органдарының қызметкерлері қатты тапсырып, өткелектен өткізген сияқты. Осы ауруымен ұзақ жылдар ауырып, 2003 жылы 57 жасында қайтыс болды. Тепсе темір үзетін азамат кеңестік саясаттың келеңсіздігі кесірінен өмірден озды. Біздің әулетке тағдырдың тауқыметі көп ауыртпалық әкелді дейін десең де осы қиыншылықтардан кеңестік салқын саясаттың ісі екендігі сезіліп тұрады.

Ал менің өзім Кеңес өкіметі кезінде қазақ даласын қаптаған АҚШ-қа қаратып нысаналанған зымырандардың арасында әскери қызметімді өтеп қайттым. Торғай даласын шырмаған «Жер - жер» деп аталатын баллистикалық зымырандарға қызмет жасадық. Оқтұмсық пен жанар май ауыстырып жатқанда абайсызда улы газбен тыныстап қалып, қайтыс болған мырыш табытпен ата – анасына жөнелтілген талай мәйіттерді шығарып салудың куәгері болдық. Аман оралдық, оқу бітірдік, үйлендік, балалы болып тәрбиеледік, оқыттық, ұзаттық, үйлендірдік, қызметте жүрміз, соған тәубе. Өткен оқиғалар уақыт озған сайын көмескілене бастайды дейді кейбіреулер әрине өз әулетіне кесірі тимесе қасіретті тағдырға әкеліп соқтықтырмаса, жат біреудің қайғысы өзіңдікіндей болмайды. Күндер өткен сайын санадан сөніп, бәсең тартып, көзден кеткен соң көңілден кетіп жатқан сол жылдардың елесін үрейсіз еске алу мүмкін емес. Қазақстанның Қытай елімен шекарасындағы Жаркент аймағындағы көрікті тау бөктеріне орналасқан Алмалы ауылының бір топ азаматтарының да тағдыры сан түрлі азаптарға, қайғы – қасіретке толы.

Аталарымыздан бастап тізіліп жалғасып келе жатқан осындай қасіретті тарихымыз туралы, Қазақстан Республикасының Президенті өз сөзінде «1924 – 1954 жылдары қуғын – сүргінге ұшырағандардың саны 3 млн. 777000 адам. 649000 адам атылған. Осы кезеңде Қазақстанда 100 мың адам саяси қуғынға ұшырап сотталған. Олардың 25000 өлім жазасына кесілген. «Алжир», «Карлагта» - 2 млн тұтқын отырған. 1938 жылы 25 ақпаны мен 13 наурыз аралығында әскери сот алқасы шешімімен 650 адам ату жазасына кесілген. КСРО бойынша 20 – 50 жылдары 40 миллион адам қуғын – сүргінге ұшыраса 25 миллионнан астамы ұжымдастыру құрбаны болды. Соның кесірінен 1 млн 750 мың қазақ құрбан болды. Бұл қазақ халқының 42 % құрайды» деген еді (Егемен Қазақстан 28.05.2010 жылы). Қазақ даласы қаншама кең десек те, сол даланың жазирасын мекендеп, бейбіт өмір кешіп отырған ағаларымыз бен апаларымызға аялы алақанын тоса алмады. Ұлы даланың өзі қазақтың қараңғы қапасына тозақтың терең зынданы болды, жазалау лагерлерінің қоныс тепкен мекеніне айналды. Тамұқ орнына айналдырылған лагерлер халық арасында сөз ұстаған, ел сеніп, соңынан ерген азаматтарды тынымсыз жұтып жатты.

Панфилов ауданының Алмалы, Басқұншы ауылдарынан 1933, 1937 – 1938 жылдары «Халық жауы» деген жаламен ұсталынып кеткен азаматтардың мен жинаған саны 15 – ке жуық адам. Солардың ішінде бірнеше адам жала жабылып, тұтқынға алынып, біраз тергеуден соң, жазықсыз деп танылып, босатылған, бірақ аз уақыттан соң қайтадан ұсталып, қылмысы дәлелденбеді деп қайта босап келіп, қорлық, зорлық-зомбылықтан қайтыс болғандар. Жаңа қоғамға адал еңбек етіп, жаза баспаса да жазадан қашып құтылмай КСРО қылмыстық кодексінің 58 бабының 10, 11 тармақтарымен айыпталып, және «контрреволюционер» атанып, ұсталып кеткен. Көп жылдар бойы «халық жауы» деп тек айтылып, аттары аталып қана жүрген жазықсыз жападан зар шеккен жандар туралы хабар – ошар алу мақсатында жоғарғы органдарға хат – хабар жібере бастадым. Жазықсыз жазаланып өлген билік құрбандарын ақтау туралы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай қуғын – сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңына сүйене отырып жазаланған жандардың немерелеріне, туыстарына ақтау қағазын тапсыру мақсатым еді. Осы ауыл азаматтары туралы 2010 жылы наурыз айында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Алматы облысы бойынша департаментіне төмендегі мәтінде хат жолдап мәліметтер сұрадым.

Менің сұрауыма көп ұзамай 2010 жылы 1 маусымында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Алматы облысы бойынша департамент басқармасының орынбасары полковник А.Байкенжеев Ұлттық қауіпсіздік комитеті Алматы облысы бойынша департамент мұрағатынан төмендегі аталған адамдарға:

1. Балгабеков Жақып, 1901 жылы туған;
2. Меңлібаев Мәди, 1907 жылы туған;
3. Оспанов Рақымжан, 1893 жылы туған;
4. Садықов Қожахмет, 1910 жылы туған;
5. Тоқмолдаев Сембек, 1888 жылы туған;
6. Тоғасов Молдаш, 1893 жылы туған;
7. Арыстанбаев Исабек, 1909 жылы туған;
8. Күншанов Рамазан, 1885 жылы туған қатысты мұрағаттан алынған анықтамалар жіберді.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінен алынған анықтамаларда 4 адам:

1. Балғабеков Жақып – УНКВД үштігінің отырысымен 1938 жылы 15 ақпанда ату жазасына кесілген. Үкім 1938 жылдың 31 наурызында орындалған. Тағылған айып - бай әулеттен шыққан, колхозды тоздырған. Қытайдағы байлармен қатысы бар делінген.

2. Күншанов Рамазан – Алматы облысы УНКВД үштігінің отырысымен 1937 жылы 29 желтоқсанында ату жазасына кесіліп, 1937 жылы 29 желтоқсан күні атылған. Тағылған айып - байлар әулетінен, кеңес үкіметіне қарсы құрылған қазақтың ұлттық ұйымында болып зияндық жүргізген.

3. Оспанов Рақымжан – Алматы облысы УНКВД үштігінің 1938 жылдың 15 ақпанында ату жазасы берілген. Үкім 1938 жылы 31 наурызында орындалған. Тағылған айып – бай әулеттен шыққан тұтқындалғанға дейін «Красный Октябрь» колхозының бастығы болып жұмыс істеген. Бандылармен, Қытайда тұратын байлармен қатысы бар делінген.

4. Тоқмолдаев Сембек (Үсенбек) – 1938 жылы шетелмен байланысы үшін сотталған. 1938 жылдың 15 ақпаныда екінші рет тұтқындалып сот шешімімен ату жазасы берілген. Үкім 1938 жылдың 31 наурызында орындалған. Тағылған айып - әлеуметтік тегі байдан шыққан. Колхозшылардың Қытайға қашуын ұйымдастырған, колхоз малын қырған, Кеңес үкіметіне қарсы насихат жүргізіп зиянкестік жасаған.

Жоғарыда көрсетілген тұлғаларға қатысты анықтамаларда төрт айыпталушыға өлім жазасы кесілген. Ал мына төмендегі адамдар әр түрлі мерзімге бас бостандығына айырылған. Атап айтқанда:

1. Арыстанбаев Исабек – 1909 жылы туылған әлеуметтік тегі байдан шыққан. 1938 жылы 10 қазанда тұтқындалынып, 1939 жылдың 19 мамырында Алматы облысының сот шешімімен 15 жылға бас бостандығынан айырған. Тағылған айып, Кеңес үкіметін және колхоз құрылысына қарсы шығып «Қызыл Октябрь» колхозында басқарма бастығы болып тұрғанда егінді суғармаған, дән егу кезін соза берген және егінді жарамайтын жерге егуге бұйрық берген.

2. Меңлібаев Мәди – 1907 жылы туылған. Әлеуметтік тегі байдан шыққан. Қылмыстық ісі 1937 жылы 22 қаңтарында қозғалған. Тергеу жұмыстары 1937 жылы 7 сәуірінде аяқталған. Сондықтан да 1937 жылы 27 қазанында Қазақстанның шекаралық және ішкі істер күзетінің әскери трибуналының үкімімен, 10 жыл бас бостандығынан айырылған. Жаркент қалалық түрмесінде ұсталған. Меңлібаевтың қылмыстық ісінде куәгер Ибрагимов Ілгідай өткен. Оның берген мәліметтері тергеу ісінен бөлек шығарылып облыстық сотқа жіберілген. Жаркент түрмесінен Ибрагимов Ілгідай Алматыға жеткізілген.

3. Садықов Қожахмет – 1910 жылы Алмалы ауылында туылған. Алматы облысы УНКВД – ның үштігінің отырысымен 1937 жылы 31 желтоқсанында 10 жылға бас бостандығынан айырылған. Ал бірақ УНКВД 1939 жылы 31 желтоқсандағы үштіктің шешіміауыстырылып, олтұтқыннан босатылған. Тағылған айып - Кеңес үкіметінің қарсы үгіт жүргізгені үшін айыпталған. Анықтамада ұлты қазақ, сауатсыз деп жазылған.

4. Тоғасов Молдаш – 1893 жылы туылған. Алматы облыстық ішкі – істер комитеті басқармасының (ПХКБ) үштігінің 02.03.1933 жылғы мәжілісінің хаттамасымен (қаулысымен) РСФСР қылмыстық кодексінің 58 – 14, 59.9.10 бабымен саяси қылмыс жасады деген айып негізсіз тағылып сотқа беріліп, ол нақақтан 10 жылға концлагерде жазасын өтеуге сотталған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық комитеті Алматы облысы бойынша департаментінің мұрағатындағы анықтамалар алынып, олармен танысып шыққан соң, 1933, 1937 – 1938 жылдары жазықсыз Сталиндік террордың құрбандарын ақтау туралы Жаркент қаласына келген Алматы облысының прокуроры генерал – майор Ерік Әбдірахымұлы Кененбаевтың жеке қабылдауында болып, мән – жайды баяндадым. Облыс прокуроры түсіністікпен жылы қабылдап, ықылас пен тыңдап өз көмегін көрсететіндігін айтты. Менің 2010 жылғы 23 маусымда жолдаған хатымдағы мәселелерге 27 шілдеде жауаптарын алдым. 1933, 1937 – 1938 жылдары жаппай қуғын – сүргін құрбандарын оның ішінде Алмалы, Басқұншы ауылының азаматтарының ақтау туралы анықтамалар жіберіліпті.

Меңлібаев Мәди

1937 жылдардағы қуғын – сүргінге ұшырағандар арасындағы Меңлібаев Мәдидің тарихы кей жағдайларда адам нанғысыз оқиға. 1937 жылдың 22 қаңтарында тұтқындалынып Жаркент қаласындағы түрмеге қамалған. ҚР ҰҚК Алматы облысы бойынша департаментінен берілген

№3986 2010 жылғы 1 маусымдағы анықтамаға сенетін болсақ Меңлібаев Мәди қылмыстық іс материалдары бойынша 1907 жылы Алматы облысы Октябрь (Панфилов) ауданы Талды ауылында туып өскен, ұлты қазақ, әлеуметтік тегі байдан шыққан, білімді, жесір (шамасы үйленбеген деген сөз болуы керек). Бірақ жаңұясында екі баласы болған делінеді. Тұтқындалғанға дейін Алматы облысы Октябрь ауданының (Қазіргі Панфилов ауданындағы Өсек өзенінің солтүстік батысы Октябрь ауданы деп аталған орталығы Көктал ауылы) «Қызыл - Октябрь» колхозында қойма меңгерушісі болып жұмыс істеген. Негізгі тағылған айып колхоздың бидайын ұрлап, жауапкершіліктен қорқып Қытайға қашып кеткен делінген. Қытай өкіметі оны ұстап Кеңес өкіметінің сұрауы бойынша қайтарып, өткізіп берген. Меңлібаев Мәди 1937 жылдың 27 қазанында Қазақстанның шекаралық және ішкі істер күзетінің Әскери Трибуналы үкімімен 10 жылға бас бостандығынан айырылған. Осындағы көңіл аударатын деректердің бірі Мәди Меңлібаевтың қылмыстық ісінде куәгер ретінде Алмалы ауылының тұрғыны Ибрагимов Ілгідай өткен. Оның берген мәліметтері тергеу ісінен бөлек шығарылып облыстық сотқа жіберілген. Жаркент түрмесінен Ибрагимов Ілгідай Алматы қаласына жеткізілген. М.Меңлібаев туралы басқа мәліметтер жоқ. Меңлібаев Мәди жаңұясында екі баласы бар деп істе дұрыс көрсетілген. Қазіргі күндері Жаркент қаласында қос қызы Ұлбазар мен Аятхан тұрады. Ұлбазар – 1925 жылы, Аятхан – 1928 жылы туылған. Ұлбазар апайымыздың айтуы бойынша әкесі Мәди шекарадағы комотрядта (коммунистік) қызмет істеген. Партиялық курста оқыған екен. Отбасымен барлығы Алмалы ауылының төменгі жағында тұрған ауылда отырған (Алмалы өзені ауылдың ортасымен ағады.) Кеңес өкіметі 1935 жылы Талдықорған қаласының маңындағы Қаратал жақтан орыс – казактарды көшіріп алып келіп, негізін солар құраған «Авангард» колхозын ұйымдастырады. Алмалы өзенінің астындағы елді «сендер жергіліктісіндер, үй тауып қасыңдар» деп үйлерін босаттырып, өзеннің солтүстігіндегі қазақтардың үйлеріне күштеп жіберген. Қазақтардан тартып алып қалған үйлері үшін үш ешкіден өтемақы берген. Шекаралық аймақтағы Жаркент өлкесінің Алмалы ауылына орыс шауаларын көшіріп алып келудегі басты саясат 1929 жылы басталған ұжымдастыруға қарсы болған көтерілістерден сескенген Кеңес өкіметі Жаркент аймағындағы қазақтардан шошынған сыңайлы. Қытай мен шекаралас маңайдағы толқуларды баса алмаса орыс қоныстанушыларын пайдаланбақ ниетте болуы керек. Колхозшылар 1936 жылдары Тесікмола (Ақмоладағы күмбез тұрған жер), Дөңгенеде мақта, қонақ, тары егіп шаруашылықпен айналысқан. Бұл қазақты қынадай қырған 1933 жылғы ашаршылықтан кейін елдің әзер оңала бастаған кезі еді. «Бинауар апайымыз сол кезде 1934 жылдары звеневой еді. Әкем Мәди сол кездері Күншанов Рамазан екеуі келіп кетіп жүретін еді. Рамазан әскери киім киіп жүретін қызылшырайлы көркем жігіт еді. Қимыл қозғалысы шапшаң кісі екен. Кейін ұстап алып кетті»- дейді Мәдидің қызы Ұлбазар апайымыз.

Ұлбазардың әкесі Меңлібаев Мәдиді ҰҚК мұрағатынан берген анықтамасында 10 жылға сотталынды делінген, Меңлібаевтың мәселесінде куәгер ретінде жүрген Ибрагимов Ілгідайда кінәлі деп табылып, 10 жылға сотталып Қиыр шығыстағы Колымадағы шахталарда жұмыс істеп, 1947 жылы аман – есен босап шығып, ауылға оралған. Панфилов ауданындағы «Красный Восток» колхозында жұмыс істеп, үйленіп, екі балалы болып, 1965 жылы өмірден озды. Жазықсыз жапа шеккендердің өмір жолдарын сұрастыра іздестіре жүріп мынандай көңіл өксітетін жағдаяттарды жазбай кете алмадым. Ибрагимов Ілгідай жазасын өтеп болған соң 1946 жылы Верхний Семчан өзені маңында ағаш жығу - ағызу жұмысында істеп жүрген туысы Меңлібаев Мәдиге барады. Зона бастығына өзінің бостандыққа шыққан жағдайын түсіндіріп, Мәдидің туысқаны екендігін айтып, 3 күнге рұқсат алып, қасында болып әңгімелеседі. Сонда Мәди «Мен енді елді көрмейтін шығармын, өмірлік жазаға кескен болу керек. Елдегі балаларыма, туыстарымға сәлем айт. Менің ғой әзірге денсаулығым жақсы, бірақ Үсембек (ҰҚК-нің берген анықтамасында Сембек Тоқмолдаев 1938 жылдың 31 наурызында атылып, үкім орындалды делінген) аурушаң болып қалды, енді ұзаққа бармайтын шығар» - деп айтып, қоштасып, шығарып салыпты. Ауылдағы қыздарына хат жазып, беріп жібереді. Ибрагимов Ілгідайдың 1946 жылғы 25 қарашадағы өз қолымен толтырылған еңбек кітапшасындағы жазбаға қарап ол кісінің 1946 жылғы 25 қарашада Қиыр Солтүстіктегі кен орындары құрылысының бас басқармасына қарайтын Водопьянов атындағы приискіден (ГПУ-мемлекеттік саяси басқармасы) толықтай босап Кеңес Одағының орталық аудандарына қоныстануына рұқсат етілген рұқсатнамамен ауылға оралады. 1947 жылы ауылға оралған Ибрагимов Ілгідай Мәдидің үлкен қызы Ұлбазарға телеграмма беріп шақыртады. Қаншама келуге тырысса да жас босанып отырған Ұлбазар апай келе алмай, екі – үш айдан кейін келеді. Ілгідай ағасы ренжіп «неге тез келе қоймадың мен саған әкең Мәдидің сәлемін жеткізіп қолыңа табыстайын деп едім» - деп кіиіп жүрген фуфайкасының омырауының ішкі жағына жасырып тігіп қойған әкесінің хатын береді.

Тігілгеніне үш - төрт ай өткен хат майласып, сарғайып кеткен екен. Соғыс алдындағы зобалаңның кесірінен қудалау, аңду әлі өршіп тұрған кезі емес пе, сондықтан қатты сақтанғандығы болса керек хат жазылған қағазды май мен тер иісі шүберектей етіп жіберіпті. Әке амандығын білген қызы Ұлбазар, мекен – жайды біліп алып, әкесіне хат жазғанмен екі – үш айдан кейін Магаданға барған хат қайта оралған. Хаттың сыртында «Бізде мұндай адам жоқ» деп жауап қайтарылған. Есіл азамат жазалау лагерінде жазасын өтеп жүрген және өмірлік жазаға кесілген адамдармен хат – хабар алуға тыйым салынғандығын дәлелдейтін нақты мысал еді бұл. Қазақтардың басына келген нәубеттің, жалған бостандықтың құрбаны болды. Артында қалған қос қызы өмірін әкесін аңсаумен өткізіп келеді.

Ибрагимов Ілгідай

Зұлмат жылдардың арасында сол қилы кезеңнің өзінде жазықсыз сотталып, жастық жылдарының он жылын Қиыр шығыстағы «Дальстрой» деп аталатын Ішкі істер министрлігінің қарауында болған көптеген кен орындарында жұмыс істеп, 1941 жылдың 16 қаңтарында «Водопьянов» атындағы шахтада кен қазушыдан бастаған Ибрагимов Ілгідайдың өмір жолы қиын да бұралаң болды. 1937 жылы қазан айында жоғарыдағы айтылған «халық жауы» деп айып тағылған Меңлібаев Мәдидің ісімен Алматы қаласына жеткізілген Ілгідайға да айып тағылып, 10 жылға бас бостандығынан айыруға үкім кесілген. Кейбір ауыл ақсақалдарынан жинаған деректерде Ілгідай Басқұншы ауылдық кеңесінің төрағасы қызметін атқарып жүргенде бұрын 1930 – 1931 жылдары Қытай жеріне өтіп кеткен туыстарының бірі азып – тозып Қытайдан шекарадан бері қайта Кеңес өкіметі жағына өтеді. Өздері аурушаң үй – жайы жоқ туысын бір жамағайынының үйіне орналастырып, көже – қатық жасарсың деп бір сиыр бергізеді. Міне осы оқиға оны көре алмаушыларының көзіне тікендей қадалып, жала жабылуына себеп болады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотына жазған менің сұрауыма алынған жауап хатта Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты тәуелсіздік алғаннан кейін ғана құрылғандықтан және оларды Әскери трибуналдың соттағанына байланысты Меңлібаев Мәди мен Ибрагимов Ілгідайға қатысты сот материалдары болмай шықты. Себеп мұрағаттағы материалдар түгелдей Ресей Федерациясының қарамағына өтіп кеткен секілді. Ибрагимов Ілгідай репрессияның нағыз дауылды кезеңіне тап келіп, 10 жыл бас бостандығынан айыруға кесілгендіктен бұдан кейінгі яғни, 1937 жылдан 1941 жылға дейінгі кезеңдегі төрт жылы белгісіздікке толы. Қай жерде түрмеде отырды, қандай жұмыс атқарды бұны анықтау мүмкін емес. Менің қолымда ол кісінің еңбек кітапшасының екінші – үшінші беттерінен алынған көшірмелері бар (Еңбек кітапшасы үлкен ұлы 1953 жылы туған Ибрагимов Елдостың қолында сақтаулы). Сондағы жазбада «Ибрагимов Ілгідай 1910 жылғы. Шала сауатты, қара жұмысшы (өз қолымен 1946 жылдың 25 қарашасында толтырылған)» деген сөздер бар. 1941 жылы осы кен орнына кен қазушы болып жұмысқа кірген Ілгідай осы жүйеден босаған 1946 жылғы 25 қарашаға дейін үлгілі еңбегімен көзге түсіп, бригадир дәрежесіне дейін көтерілген. Бұл туралы кен орнының басшыларының бұйрықтары куә. Еңбек кітапшасының 10 – 11 беттеріндегі мадақтаулар мен марапаттауларға қарап отырсаңыз 1943 жылы ақпан айында кен орнының басшысының бұйрығымен алғыс алған. 1944, 1945 жылдары жақсы жұмысы үшін алғыс алып, ең үздік забойщик атағы берілген. Ал КСРО Жоғарғы Президиумының 1945 жылғы 6 маусымындағы жарлығымен «1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі көрсеткен ерен еңбегі» медалімен марапатталған және 1946 жылы «Водопьянов» атындағы кен орнының бастығы Мочаловтың бұйрығымен саяси бөлім басқармасының және СГПУ жалпы кен орнының құрмет грамотасымен марапатталған. Осындай еңбектің үлгісін өзгелерге көрсете білген нағыз еңбекқор Ибрагимов Ілгідай жоғарғы өндірістік көрсеткіштері үшін кеншілер басқармасының «Құрмет тақтасына» жазылған. Еңбек десе ішкен асын жерге қоятын, қандай іс тапсырылса да ар – ұятымен еңбек еткен Ілгідай 1946 жылдың 25 қарашасында «Дальстрой» басқармасы бастығының қолы қойылған № 50 бұйрығымен РСФСР Еңбек туралы заңының 44 бабының «б» тармағымен Кеңес Одағының орталық аудандарының кез келген жерінде тұруға рұқсат беріліп, бостандыққа шыққан. 1947 жылы айдаудан біржолата бас бостандығын алып, елге оралған Ілгідай өз ауылы Алмалыдағы «халық жауы» деп жала жауып, ұстатып жіберген туған – туысқандарына қатты ренжіп, Пенжім ауылына келіп, сондағы колхоз бастығының шофері болып, жұмысқа орналасады. Кейіннен ауылдағы туыс – туғандары жиналып, барып амандасып, ауылға келуін өтінгенмен ол кісі келмеуге бел буады.Бірақ та Ілгідайдың жақын туыстары ұзақ уақыт ауылда болмаған бауырларын өзіне тартудың бір жолы деп Ұлы Отан соғысында қайтыс болған немере туысы Мұзбаев Бектұрғанның әйелі Жәмиланы Ілгідайға қосады. Жәмиланың Бектұрғаннан қалған Асан деген ұлы бар еді. Ілгідай ағамыз Алмалы ауылына көшіп келіп, отбасын құрап Жәмиладан Елдос, Ербол деген екі ұл сүйіп, колхозда белсенді жұмыс атқарып, 1965 жылы дүниеден озды. Қазір Елдос Алмалы ауылында жеке шаруа қожалығының төрағасы, ал Ербол Алматы қаласында тұрады. Алматы қаласындағы «Метрострой» - дың ардагерлерінің бірі.

Балгабеков Жақып

Балғабеков Жақып 1896 жылы (УНКВД дерегі бойынша 1901 жылы туылған) Алматы облысы Октябрь ауданы Шежін ауылында туып өскен. Әжесінің айтуы бойынша әкесінен жастай қалып Көктал ауылында тұрған. Туған – туыстары Қытайға қашып өтпек болған кезінде шекерадан өте алмай Тобылғыеспеден (Қорғас өзенінің Жетісу Алатауына ұласқан тұсы) қайта оралады. 1921 жылы Атаман Аненковтың әскерлері бұл аймаққа да келеді. Олар күштеп әскерге адамдар алған. Сол кезде ақтың әскерлерінен қорыққан әке – шешесі Жақыпты борсықтың ініне тығып қойыпты.Жаудың адамдары аямайтынын білген қырдың қазақтары бұл жерде шешек ауруы тарап жатыр деп жалған хабар таратып жібереді. Шолғыншы болып келген ақтың үш солдаты бұл жерде шешек ауруы бар деген хабар алған соң қайтып ауылға келмей, қайтып кетеді. Ауылдағылар осы жалған хабар тараған соң аман- есен қалғандарын көпке дейін сөз етіп жүріпті. Балғабеков Жақып осындай аласапыран қиын кезеңде өз таңдауымен 1922 – 1923 жылы коммунистік отрядқа қызметке кіреді. Шекара күзетінде жүргенде отызыншы жылдардағы қазақ елін жайлаған ашаршылықтың қиындығын бұлар көздерімен көріп, қиындығын бастан өткереді. 1932 – 1933ж.ж ашаршылықтан азып тозған елдің біразы Қытай жеріне асып, жан сауғалайды. Сол кездердегі Іле өзені бойындағы Қытай жағына бағытталған ескі керуен жолы Ақтамның (Ақтам – көне қола дәуірінің ескеркішіне жатады) не болмаса Құдиярдың жолы деп аталған Қорғас өзенінің орта ағысына орналасқан Қорғас ауылының оңтүстік жағымен өтетін. Өзен суы жазыққа шыққан соң тарамдалып ағысының күші қайтып, өткелге ыңғайлы болып,мал айдап өтуге көштің өтуіне көп қиындық тудырмайтын еді. Комотрядта шекара күзетінде жүрген күндердің бірінде Қытайға қарай Ақтамның жолымен отбасымен қашып бара жатқан қазақтарды ұстап алып, Жаркентке қайтармақ болған Жақыпқа оның қасындағы аудармашы орыс көнбей бұларды қашқындар деп ұстаған жерінде қызыл әскерлерге бұйрық беріп атқызып тастайды. (Сол кезде Басқұншы ауылында тұратын Кененбаев Иманалы арбакеш екен). Орыс старшинаның қылығына ызаланған Жақып онымен қатты ұрсысып қалады. Бұл жер Иинтал ауылының 41 – шісі деп аталатын еді. Кейін шекара күзетінде жүргенде Қытайға қашып, көшіп бара жатқан қашқын орыстарды ұстап алған Жақып баяғы орыс старшинаның қылығы есіне түсіп, оларды атып тастайды. Өзінің ұлтын жанашырлығын осылай көрсетпек болған екен. Қоғамда әлі тұрақтылық жоқ кезеңде Жақыпқа оның үстінен өшіккендер «Байдың қызын алған, байларға болысып жүр» - деген желеумен арыз түсіреді. 1933 жылы осы жаламен оған екі ай ОГПУ – дің (мемлекеттік саяси басқарма) түрмесінде отыруына тура келеді. 1929 – 1930 жылдардағы колхоздастыру жұмыстарына белсене араласқан Жақып 1934 жылы Алмалы ауылында құрылған «Красный Октябрь» колхозына кіреді. Колхоз басқармасының төрағасы Иғысаев деген кісі, Жақыптың көзі ашық сауатты, іскер екендігін көріп, жылқы фермасының меңгерушісі етіп қойған. Бірақ 1935 жылы колхозды тоздырды деген жаламен партия қатарынан шығарылған. Біраз сұраққа алынып аз уақыттан соң босатылған. Техниканы да жақсы меңгерген кісі болған. Колхозға келген тұңғыш лобогрейканы (астық бастыратын техника) жүргізіп, іске қосып астық бастырып жатқанда 1937 жылы аяқ астынан ұсталған. Балғабеков Жақып пен Оспанов Рақымжанды екеуін бірге ұстап алып кеткен. Алмалы ауылындағы белсенді азаматтар Күншанов Рамазан, Тоқмолдаев Сембекті де дәл сол күні Жаркент қаласында ұстап тұтқындаған. Бұл жоғарыда жазылған мәліметі мен 1996 жылы Алмалы ауылында тұратын ұзақ жыл «Красный Восток» колхозының Алмалы бөлімшесін басқарған еңбек ардагері інісі Балғабеков Жапардың өз аузынан жазып алдым. Жапардың айтуы бойынша Жақыпқа тағылған негізгі кінәнің бірі болып отызыншы жылдары Қытайға қашқан орыстарды жазықсыз, сотсыз атып тастады деген айып тағылған және де осы айыптауда басты назарға аудармашы орыстың куәгерлігі алынған. ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Алматы облысы бойынша департаментінің 2010 жылғы 1 маусымдағы № 3982 мұрағаттық анықтамада Балғабеков Жақып Алматы облысы УНКВД үштігінің отырысымен 1938 жылы 15 ақпанда ату жазасына кесілді. Үкім 1938 жылдың 31 наурызында орындалды делінген. Дәл сондай үкім Оспанов Рақымжанға, Тоқмолдаев Сембекке де қолданылған. Үшеуі де бір күнде тұтқындалып 1937 жылдың 29 желтоқсанында бір күнде ату жазасына кесіліп, үкім сол күні орындалған делінген. Күншанов Рамазан да олар мен бірге тұтқындалған. Бірақ соты ертерек болып үкім 1937 жылдың 29 желтоқсанында шығарылып сол күні атылған.Қаншама дерек көздерін ақтарып қарасақ та, үкімнің қай жерде орындалғаны, олардың мәйіттерінің қай жерге жерленгендері туралы ешқандай дерек жоқ. Халық үшін қалтқысыз қызмет еткендер қасіретті нәубеттің құрбаны болды.

Күншанов Рамазан

Күншанов Рамазанның да тағдыры өзімен қатар айыпталынып, ату жазасына кесілген азаматтарға қарағанда қаталдау болған. Олай дейтін себебіміз мұрағаттық анықтамаларда ату жазасына кесіліп, үкім 1937 жылдың 29 желтоқсанында шығарылып сол күні атылды делінсе де қандай күш, не болмаса қандай құпиялылық бар екені белгісіз Күншанов Рамазан өзінің өмірінің соңын әділетсіздікке қарсы қайыспай, қарсы күреспен аяқтаған. Күншанов Рамазанның өмірінің соңы туралы 1995 жылдары Панфилов ауданының әкімі болған Ыбыраймолдаев Әділшайықтың жақын ағасы 1906 жылы туылған Өтегенов Диханбай Алмалы ауылынан ұсталып, сотталынып, атылып кеткен «халық жауы» Күншанов Рамазан мен Қиыр шығыстағы Сахалинге бірге айдалып барған және барған жердегі лагерьде қаншама ұрып – соқса да үш, төрт ай жұмысқа шықпай, жатып алған және берген тамақтарын да шошқаның майы қосылған деп ішпей, аштық жариялап, ауыр азаптан қайтыс болды. Оның мәйітін өз қолыммен жерледім. Рамазан өзі мырзалау жігіт екен деген сөзі қалыпты. Өтегенов Диханбайдың да көрмегені көп, жегені шөп болған адам. 1929 жылдардағы колхоздастыру кезінде «халық жауы» деген жаламен жазықсыз 10 жылға сотталып, Сахалин жақта жазасын өтеп, 1939 жылы елге оралған. 1944 жылы қайтадан ұсталып, Сталин қайтыс болғаннан кейін босап шыққан. Сталиндік репрессияның аштықты, азапты еңбекті ұрып – соғудың , жәбірлеудің, қорлаудың азабын тартудай – ақ тартқан кісі. Кейіннен ұзақ жыл Сәтжолда (Қазіргі Бөрібай би ауылы) тұрып, еңбек етіп, қайтыс болған. Бұл дерек сөздерді сол Сәтжол ауылында туып өскен Нұрсапаның өзінен жазып алдым. Күншанов Рамазанға шығарылған ату үкімінің өмір бойы жер аударумен алмастырылғандығы және Сахалиндегі қайтыс болғандығы жөнінде мына бір дерек нақтылай түседі. Күншанов Рамазанның баласы Ұлы Отан соғысына қатысқан І топтағы мүгедек Рамазанов Қалиақпарға 1950 жылдары ішкертінен Алматы жақтан бір орыс азаматы іздеп келіп, Қалиақпар ағамызда тауып алып, өзінің Сахалинге жаяу айдалып барып, 10 жыл айдауда қара жұмыста болғандығын айтқан. Айдауда Рамазанмен бірге жүргенін, әкесінің орысша өте сауатты сөйлейтінін, мұсылмандықты қатты ұстанатынын, лагерьдегі жасалған тамақты шошқаның етінен пісірілген деп ішпей аштықтан ауырып, қайтыс болғандығын, жерлегенде бейіт қазуға жер қатты болып, (қыста қайтыс болған болу керек) қармен, мұзбен көмгендіктерін айтыпты. Өлер алдындағы аманаты аман – есен елге оралсаң, Алмалыдағы ауылға барып, бала – шағама сәлем айт депті. Сол парызбен келіп, сәлемін жеткізген кезі екен. Сталиннің тірі кезінде әлі де болса қорқыныш басыла қоймаған кезде сәлем айтып келген орыс аты – жөнін ашып айта қоймаған болу керек. Қалиақпар ағамыз да бұл жылы хабарды көп ел – жұртқа тарата қоймаған. 1960 жылдардың ортасынан кейін ғана Н.С.Хрущевтің «жылымық» кезінде ғана бұл әділетсіздік туралы әңгіме көтеріле бастаған. Бірақ әлгі хабар әкелген орыстың аты – жөнін ұмытып қалыпты. Қалиақпар ағамыздың өзі де Ұлы Отан соғысы кезінде басынан жараланып алып контузия алған адам. Қорыта келгенде Алмалыдан Күншанов Рамазан Сәтжолдық Өтегенов Диханбай жаңағы орыс кісі айдаудың азабын тартып, лагерьдің қиындықтарын бастан өткерген жазықсыз жапа шеккен жандар.Жандары жаннаттан болсын.

Садықов Қожахмет

Садықов Қожахмет – 1910 жылы Алматы облысы Панфилов ауданы Басқұншы ауылында туған. 1928 жылдары Жаркенттегі мұғалімдер курсын бітірген соң 1930 жылдары Сарқан ауданындағы комсомол комитетінің І – ші хатшысы қызметін атқарған болған. Алмалы ауылындағы ашылған бастауыш мектепте 1932 жылдан бастап мұғалім болған. 1921 жылы туылған Алжанбаева Ұлжібек Жадырақызының айтуы бойынша (1997 жылы 12 наурызда өз аузынан жазылып алынды) «1932 жылы Алмалыдағы бастауыш мектепке бардым сол кезде бізді Садықов Қожахмет оқытты 5 класты бітірген соң Жаркенттегі кешкі мектепте оқыдым. Алмалыдағы мектепте сабақ берген мұғалімімізі Садықов Қожахмет пен Алмабаев Әскен еді. Алмабаев Әскен соғысқа кетіп, қайтыс болды. Артында әйелі, ұлы, қызы қалды. Есеп сабағын Садықов Қожахмет жүргізген еді» - дейді. Бұл айтылған деректерді қазір 91 жасқа толып отырған Басқұншы ауылының тұрғыны зейнет жасындағы Дегдархан апамызда толықтырып отыр. Бейбіт өмірдің болашақ ұрпағын тәрбиелеу жолында жүрген Садықов Қожахмет ағамыз 1937 жылы Сталиндік репрессияға ұшырап, «халық жауы» деген жаламен ұсталып, сотталып кеткен. Көзі көргендердің айтуы бойынша Садықов Қожахметке жабылған жаланың мәтіні: сабақ кезінде оқушыларға «Совет өкіметі құрысын, Мекалай заманы құрылсын», «Жаупин алып кетеді, биыл оқып алыңдар» - депті мыс.Сол жылдарда милитаристік Жапония мен фашистік Германияның өзге елдерді жаулап алу саясатының өршіп тұрған шағы еді. Бұл мемлекеттер туралы сөз қозғаудың өзі кеңес өкіметінің зәресін ұшыратын. Әр қимылдан сатқындық, әр сөзден жауларды іздейтін кезі еді.

Сібірде ағаш кесу жұмысында айдауда жүріп Москваға сыртқы істер Халкомы В.М.Молотовқа және И.В.Сталинге айдауда жүрген Садықов Қожахметтің өзі және інісі Садықов Тұяқ (ауылда қалған) екеуі хат жазып, жағдайды баяндаған соң ісі қайта қаралып, 1939 жылы ақталып шыққан. Кеңес өкіметіне тұтқиылдан фашистік Германия шабуыл жасағанда 1941 жылы әскерге шақырылып, Ұлы Отан соғысына қатысады. Соғыс кезінде артиллерист болған, майдан даласында жараланып, 1943 жылы ІІ – ші топтағы мүгедек болып, туған ауылына оралған. 1950 – 1952 жылдары Басқұншы ауылдық кеңесінің хатшысы, «Красный Восток» колхоз басқармасының төрағасы болып жұмыс істейді. 1953 жылы қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, 1958 жылы бітіріп шығып, мұғалімдік жұмысқа біржолата ауысады. 1965 – 1970 жылдары Басқұншы ауылындағы орта мектептегі кешкі жастар мектебінде директор болып жұмыс істеп, зейнетке шығып, 1974 жылы қайтыс болған. Жазықсыз қуғын көріп ауыр азапты жұмыстарды бастан өткізіп келседе, мойымай туған елінің болашағына сене жүріп қаншама шәкірт тәрбиеледі. Туған қыздары мен ұлдары әке жолын қуып ұстаздықты қалады.

Тогасов Молдаш

Қазақ зиялыларының көзі ашық, белсенді азаматтарын қынадай қырған зобалаң саясаттың басы Қазақстан үкіметінің билігіне Ф.И.Голощекиннің келуімен басталғаны зерттеліп, зерделеніп тарих беттерінде жазылып жарияланғаны баршаға аян. Қазақ елінің қалыпты даму ырғағын «ауылды кеңестендіру», «Кіші қазан» саясаты бағытын ұстаған басшының , бұл саясаттың халықты жақсылыққа апармайтынын айтқан қазақ оқыған зиялыларының соңына шырақ алып түскені белгілі болды. Осы жазықсыз құдалаудың 1933, 1937- 1938 жылдардағы нәубетке «Қызылдар қырғынына» ұласқаны белгілі. 1928 жылы 27 тамызда қазақ АКСР – нің Халық Комиссарлар Кеңесі мен Орталық Атқару Комитеті «Ірі бай шаруашылықтарын жартылай феодалдарды конфискілеу және жер аудару», декретін қабылдады. Нәтижесінде Қазақстандағы 657 бай кейбір деректерде 700-ге шаруашылықтары тәркіленіп, өздері жер аударылып, ал олардан алынған жалпы саны 145 000 бас мал жаңадан құрылып жатқан алғашқы артельдерге, колхоздарға біріккен кедей шаруалардың қарамағына таратылып берілді. Коммунистік партияның XV сьезі кеңестік өкіметтің бүкіл аймағында ауыл шаруашылығын ұжымдастыру бағытын жүргізу туралы қаулы қабылдады. Қазақ ауыл шаруаларын ұжымдастыру ісін 1932 жылы аяқтау жоспарланды. Бұл шара өте қатал күштеу жағдайында жүргізілді. Өз еркімен ену ұстанымы бұзылды. Көптеген шаруа қожалықтары зорлықпен ұжымға тартылды. 1931 жылы көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды жаппай отырықшылдандыру жөнінде жергілікті органдарға міндет жүктелді. Ұжымдастыру жедел және жоспарсыз жүргізілді. Осындай оспадар саясаттың соңы 1930 – 1932 жылғы әйгілі «Ұлы жұт» аштығына әкеліп соқты. Баспасөз беттерінде жазылған мәліметтерге сүйенсек 1930 жылы - 313 000, 1931 жылы - 755 000, 1932 жылы - 769 000 адам аштықтан қайтыс болды. Ауыл халқының 40 пайызы (1 750 000 адам) осы кезде опат болды. Қазақ даласында мыңғырған мал басының да осы келеңсіз зобалаң кезінде азайғандығына мына мәліметтер куә. Егерде 1929 жылы Қазақстанда 40,5 миллион мал болса, ал 1933 жылдың соңында 4,5 миллионға дейін азайды 1930 жылдың ортасында Қазақстандағы тұрғылықты халықтың саны 4 млн 120 мың болса 1933 жылы 2,1 млн адамға әр түрлі себептермен аштықтан және оның себептерінен туындаған аурудан қайтыс болды. Ұжымдастыруға қарсы қазақ даласында көптеген қарсылық көрсеткен шаруалар қозғалысы болды. Сол 1929 -1931 жылдары қазақ өлкесінде 372 – ден астам көтеріліс болғаны белгілі. Орталық Қазақстандағы Маңғыстаудағы, Түркістандағаы және Ырғыз, Созақ жеріндегі болған шаруалар көтерілісін Кеңес өкіметі Еділ бойындағы Түркістан әскери округіндегі әскерлерді Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (ОГПУ) отрядтарын, атты әскерлер дивизиясының бөлімдерін пайдаланып, аса қатал жазалағандығы сотсыз, тергеусіз жүзеге асырылғандығын көп деректер айғақтайды.

Тоғасов Молдаш – қазақ зиялыларының басына төнген қара бұлттың кесірінен алғашқылардың бірі болып ұсталып кеткен, нақақтан жазаланған жан. Отбасынан, туған – туыстарынан, туған жерінен адам қолымен жасалған қысастықтан айырылып, сүйегі жат жерде Ресейде қалған көп жандардың бірі. Менің өтінішімнен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің мұрағатынан Тоғасов Молдашқа қатысты анықтама алынды. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Алматы облысы бойынша департаментінің мұрағатында сақталған № 03373 қылмыстық іс М.Тоғасовқа жүргізілген. Мұрағаттың қылмыстық іс материалдары бойынша М.Тоғасов 1893 жылы Алматы облысы Октябрь ауылында туып, өскен. Ұлты – қазақ, әлеуметтік тегі бай отбасынан шыққан, білімді, жаңұясы бар делінген. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқаны басталған кезде Алмалы, Басқұншы аймағында бытырай орналасқан көшпелі малшылардың басын қосып, отырықшыландыру жұмысына белсене араласқан азаматтардың бірі.

Ұжымдастыру кезіндегі белсенді қызметтерінің бірде біреуі ескерілмей Тоғасов Молдаш 1933 жылы өз ауылдастарының көрсетуімен «халық жауы» деген жала жабылып, ұсталып, түрмеге қамалады.

2000 жылы Ұлы Отан соғысы жеңісінің 65 – жылдығы аталып өтті. Көптеген елді мекендерде сол сұрапыл соғысқа кетіп қаза тапқан және одан кейінгі жылдарда соғыстан оралып, қайтыс болған ардагерлердің есімдері жазылған ескерткіштер орнатылды. Кеңес өкіметі кезінде Алмалы, Басқұншы ауылдары «Красный Восток» аталатын колхозға қарайтын. Колхоз орталығы Басқұншы ауылы болғандықтан сол жерде парк салынып, ортасына Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан ардагерлер есімдері жазылған үлкен ескерткіш орнатылды. Мерекелерде ардагерлер, оқушылар, халық болып жиналып, жеңіс мерекелеріне байланысты митингі өткізіліп ардақтап гүл шоқтарын қойып еске алатын.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, еліміз нарықтық экономикаға көшті, колхоз ыдырады, кооператив тарап кетті. Екі ауыл адамдары жекешелендіруге бағыт алды. Бұл жағдайлар екі ауыл арасындағы барыс - келіске қиындық тудырды. Ардагерлер қайтыс болып кетті. 9 мамыр жеңіс күні мектептен екі – үш адам барып, митингіге қатысып қайтатын болды. Ауылда жыл сайын мектеп қабырғасын бітіріп шығып жататын, отбасын құрған жастар тағзым ететін қасиетті орын қажеттілігі туды. 1999 жылдан бастап ауыл тұрғындарының атынан аудан әкімдігіне хат жазып Алмалы ауылынан соғыс құрбандарына ескерткіш тұрғызу жөнінде ұсыныс хат жаздым. Бірақ өтінішім қанағаттандырылмады. Кейбір билік басындағылар М.Солтанаев өз әкесінің атағын шығару үшін істеп жүр деп, теріс мәліметте бергендері де болды. Көптеген қарсылықтарды жеңе отырып іске кірістік. Алмалы аймағында қалмаққа қарсы ұрысқа қатысқан, казак атаманы Дутовтың көзін жоюға барған батырлардың, Ұлы Отан соғысына қатысып, қаза тапқан жауынгерлер мен қайтып келіп бейбіт еңбек етіп қайтыс болғандармен құғын – сүргін көргендердің ұрпақтарының басын қосып, ұйымдастырып қаржы жинадық. Соғыс жылдары Алмалы ауылынан соғысқа аттанып қайтпай қайтыс болған - 54, соғыстан аман-есен оралып еңбек етіп, қайтыс болғандар – 17, 1933, 1937 – 1938 жылдардағы зұлмат құрбандары – 13, ел қорғаған батырлар – 4 адамға барлығы – 88 ардақты адамдардың аты жазылған тізімді Алматы қаласына арнайы тапсырыс беріп, қара мәр-мәр тасқа қашатып жазғыздық. Арнайы көлік жіберіп салмағы 2,5 тонна болатын шомбал ақ тас алдырып астыңғы жағына тұғыр құйып, соған отырғызып бекіттік. Сол ақ тастың маңдай жағын түзетіп, соған адамдардың аты – жөні жазылған тасты шегеледік. Осы жұмыстың басы – қасында жоғарыдағы қайтыс болған адамдардың балалары, немерелері, туған – туыстары жұмыстың бәрін бірлесе атқарысты. Сол күндердегі билік тарапынан маған көрсетілген қысастықты ойласам жүрегім осы кезге дейін ауырады. Олар түрлі кедергі жасап, белгі қойғызбауға әлектеніп бақты. Бірақ мен алған бетімнен қайтпадым, себебі артымда дем беріп тұрушы елім мен ағаларым болды. Маркұм Қадыржан Байменов, әкелері соғыста қаза тапқан Мұзбаев Асан, Батырқұлов Сұлтан, Нұрсағат Әлібаев, Дәулетхан Көпбаев, Үсенов Нұраш, әкесі соғыстан кейін қайтыс болған Ерсайын Рамазанов т.б азаматтар үлкен көмек жасады. Бар дайындық біткен соң, елді 2000 жылдың 9 мамырында Ұлы жеңістің 65 жылдығы қарсаңында «Ешкімде ұмытылмайды, ешкімде ұмытпайды» деген атпен бабаларымыз бен әкелеріміздің ерлігіне қойылған белгі тастың ашылуына шақырдық. Мектептің ақті залында өткен «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа - ұран» деген еске алу жиналысында баяндама жасаған соң 1933, 1937 – 1938 ж.ж.ж халық жауы атанып жазықсыз сотталғандардың, айдалғандардың, атылғандардың Алматы облысының прокуратурасы берген ақтау туралы анықтамаларын көпшілік алдында немерелері мен туған – туыстарына тапсырдым. Әкесін, бауырын, туғандарын жоқтаған қаншама адамдар естелік айтып құрбандарды еске түсірді. Ескерткіш – белгі тас көптеген жандардың көзіне жас келтіріп, бауырлары мен әкелерінің аттары жазылған қара тасты сүйіп көздері мөлтілдеген қаншама жандар болды. Белгі басындағы жиыннан соң жиналған жұртқа үлкен ас беріліп, құрбандарға құран бағышталды.

Ауылда бұған дейін барлық адамдар бас иіп, қадір тұтатын тұғырлы белгі жоқ еді, енді орнатылды. Алмалы ауылындағы мектеп ауласына ұлы жол бойына тұрғызылған ескерткіш – белгі ел – жұрт пен оқушыларымыздың ерлікті дәріптейтін, үлгі тұтатын қасиетті орнына айналды. Белгі тасқа он ойланып, жүз толғанып туған мына өлеңімді жаздырттым:

Тыныштығы ұйыған таңда мына,
Дұға оқып, иман тілеп жандарына.
Қаза тапқан ерлерге тағзым етіп,
Бас иіп өту керек аруағына!

Молот СОЛТАНАЕВ,
«Жаркент айнасы» газетінің Бас редакторы.

(Басы 1-бетте)

АШАРШЫЛЫҚ: СЕБЕПТЕРІ, САЛДАРЫ

Мал бағуды ынталандыру, оны одан әрі өркендету үшін арнайы қаржыландыру, өнімдерін тиімді жолмен қалаларға тасымалдап тарату әдістерін, халықты жерге орналастыру реттерін қарастырды. Бұл мәселелер бойынша іргесі кеңейген республика Кеңестерінің Ақмешіттегі 1925 жылғы сәуірде өткен тұңғыш съезінде жан-жақты ойластырылған қарарлар қабылданды.

Алайда олардың орындалуына Мәскеу кедергі келтіре берді. 1925 жылғы қыркүйекте Қазақстанды басқаруға келген БК(б)П Орталық Комитетінің эмиссары Филипп Голощекин тоталитарлық ойлау жүйесінің қазақстандық «ұлы құрылысшысы», яғни сол кезгі қайраткерлердің өздері атап айтқандай, диктаторға айналып, ұлттық мүддені көздейтін шешімдерді қилы большевиктік айла-амал қолдану арқылы жоққа шығарумен шұғылданды. 1927 жылғы БК(б)П XV съезі шешімі бойынша елдің ауыл шаруашылығы 1932 жылдың көктеміне дейін жеке қожалықтардан ұжымдық шаруашылықтарға айналып үлгеруге тиіс еді.

Партия алға қойған осы міндетті орындау үшін, 1928 жылғы 27 тамызда Қазатком жартылай феодалдарды тәркілеу туралы арнайы декрет шығарды. 1928 жылғы 13 қыркүйекте тәркілеуге қарсылық көрсеткендерді қылмыстық жауаптылыққа тарту және байларды жер аудару туралы қаулы қабылдады. Тәркілеу соңынан «Алаш ісі» атанған саяси репрессиялар басталып, «кеңес өкіметінің қас-дұшпандары» деп танылған алаштықтарды түрмеге жапты. 1930 жылғы 19 ақпанда ауыл шаруашылығын социалистік тұрғыда қайта құру ісін нығайтуды және кулактар мен байларға қарсы ымырасыз күресуді көздейтін қаулы қабылданды.

Халыққа қисынсыз ауыр салықтар салынды. Тәркілеу мен ұжымдастырудағы солақайлықтар салдарынан республиканың әр жерінде үш жүзден астам халық көтерілісі туды, олар әскери күшпен басып-жаншылды. Соның бәрі ел-жұртты жаңа апат иіріміне құлатты. Ұлттық Апаттың үшінші, ең қасіретті кезеңіне айналған сол 1931–1933 жылдары көшпенді халықтың жартысына жуығы аштан қырылды. Шамасы жеткендер басқа өлкелерге босып, шетелдерге өтіп кетті. Мал басы он шақты есе азайды.

30-шы жылдардың басында аштан бұралған алғашқы босқындардың пайда болуы мен үдеп келе жатқан аштық күйзелістері жайында жер-жерден жекелеген азаматтар Мәскеуге, Алматыға жеделхаттар жөнелтті. Ф.Голощекиннің атына 1932 жылғы 4 шілдеде өлкекомның жауапты қызметкері Ғабит Мүсірепов, Қазмембаспа меңгерушісі Мансұр Ғатаулин, Комвуз басшылары Мұташ Дәулетғалиев пен Емберген Алтынбеков, Госпланның сектор меңгерушісі Қадыр Қуанышев қол қойған «бесеудің хаты» түсті. Хатта ауыл шаруашылығындағы құлдырау деректері келтірілді (1930 жылғы 40 миллион бас малдан 1932 жылы 5 миллион ғана қалған еді). Қазақтар арасында аштан өлудің тым көбейіп кеткені және осынша мүшкіл халге «солшылдық» асыра сілтеулер мен Қазөлкекомның қате саясаты жеткізгені айтылды.

Ақтөбе вокзалында, жиналған қалың жұрттың көзінше, 72 жастағы зейнеткер Бақытжан Қаратаев қазақ коммунистерінің көсемі Голощекинге ашаршылық үшін айыптаған ауыр сөздер айтып,

қазақтарды шыбынша қырған аштық қасіретіне республиканың бірінші басшысы ретінде жауапты екенін жұртшылық алдында бетіне басты. Алайда артында қалған жазбаларында алапат ашаршылыққа жалғыз Голощекин емес, оның айналасындағы қазақ қайраткерлері де айыпты деп түйді.

Солардың бірі Қазақ өлкепарткомының Бюро мүшесі, республика Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Ораз Исаев 1932 жылғы тамызда Сталинге үлкен хат тапсырған-ды. Онда ол өлкеде орын алып тұрған ахуалды ашық баян етті, себеп-салдарларын талдады, қиындықтан шығаратын шаралар ретіндегі ұсыныстарын тұжырымдады. Сонымен бірге орнаған ахуал үшін өзге бюро мүшелерімен қатар өзінің де жауапты екенін мойындай отырып, «бірінші хатшының көпке мәлім ерекше рөлін» ескере келе, «басшылықта өзіне-өзі сын көзбен қарауға қабілеті жетпейтін» Ф.Голощекин отырғанда – республикадағы ауыр «жағдайды сауықтыру еш мүмкін емес» деп санайтынын жазды.

Ол Голощекинді Қазақ партия ұйымының жетекшілігінен кері шақырып алуды Бас хатшы Иосиф Сталиннен жалғыз өзі тікелей ашық талап етті. Сонымен бірге қазақ ауылы мен мал шаруашылығына байланысты шұғыл атқарылуға тиіс мәселелер жөнінде Орталық Комитеттің арнайы шешім шығаруын сұрады. Өтінішінің бұл бөлігі қанағаттандырылды. Оның хатында көрсетілген жәйттер сталиндік Орталық Комитеттің Қазақстанның мал шаруашылығын дамыту жайында 1932 жылғы 17 қыркүйекте қабылдаған қаулысына негіз етіп алынды.

Қаулының жүзеге асырылуын тиімді жүргізуді көздейтін бірқатар ұсынысын РКСФР Халкомкеңесі төрағасының орынбасары Т. Рысқұлов 1932 жылғы 29 қыркүйекте Сталинге жолдаған баянхатында айтты. 1933 жылғы 24 ақпанда Бас хатшы И.Сталин мен Қазақ өлкекомының жаңа бірінші хатшысы Л. Мирзояннның атына Мәскеуде оқитын «алтаудың хаты» (қол қойғандар: қызыл профессура институтының тыңдаушылары Ғатаулла Исқақов, Ильяс Қабылов, Жүсіпбек Арыстанов, Бірмұхамед Айбасов, Қазөлкеком мүшесі Ғаббас Тоғжанов, студент Оразалы Жандосов) жіберілді.

Онда 300 мыңнан астам қазақ отбасыларының Сібір және Орта Азия темір жол станцияларына, қалаларына, орталықтағы қалаларға, көрші республикалардың облыстарына босып кеткені, көбінің қайыршылық хал кешіп жатқаны айтылды. Шұғыл көмек көрсетілмесе, көктемге қарай олардың арасындағы өлім-жітім тым көбейіп кететіні хабарланды. 1933 жылғы 9 наурызда Т.Рысқұлов Сталинге Қазақстандағы ашаршылық зардаптарын жою жөніндегі баянхатын жолдады.

Қазақстанның жаңа басшылығы республикадағы 162 ауданның ішіндегі ашаршылық зардаптарын жоюға бағытталған кешенді жұмыстар жүргізді. Өкімет өкілдері Ораз Жандосов пен Жанайдар Садуақасов бастаған құтқару комиссиясы көшпенді мал шаруашылығын кәсіп еткен Сарысу ауданның үштен бірі ғана аман қалған жұртын жаңа қонысқа көшіріп, әкімшілік бағынысын өзгерту және отырықшылық жағдайдағы экономикасын жандандыру орайында көп жұмыс атқарды. Босқындарды елге алып келу үшін автономиялық үкімет атынан жан-жаққа арнайы өкілдер аттанды.

Монархия құлар қарсаңдағы алты миллиондай қазақ саяси сілкіністерге толы он алты жылда үш есеге жуық кеміді. Ұлттық Апаттың аталған үш кезеңінде тікелей төрт жарым миллиондай, ықтимал табиғи өсімін есепке алғанда, он миллиондай адамнан айрылды. Негізгі халқының саны мен дәстүрлі экономикасының мәнін құрайтын мал басының мөлшері ашаршылық жылдары күрт түсіп кеткен Қазақстан 1936 жылғы 5 желтоқсанда қабылдаған сталиндік конституция бойынша, Ресейдің құрамындағы автономиялық республикадан КСРО құрылтайшыларының бірі санатындағы «тәуелсіз мемлекет» мәртебесіне көтерілді. Бұл – большевизмнің қазақ халқына қарсы жасаған мемлекеттік қылмысын өте сәтімен бүркеген шара еді.

Одақтық республика болу арқылы 1991 жылы тәуелсіздікке қол жеткіздік. Демек біз ашаршылық құрбандарына мәңгі борыштымыз. Осыны түсініп, сол миллиондаған аруақтарға тағзым ету, Ұлттық Апаттың себеп-салдарын, ащы шындығын жан-жақты ашу, тәуелсіздік жарияланған бетте Жоғарғы Кеңес құрған арнайы комиссияның ұжымдастыру жылдары көшпенділерге геноцид жасалғаны жайындағы тұжырымын көтеру, оған тиісті тарихи, заңи, саяси бағасын беру және осы ащы шындық айтылған қазақтың қасіретті тарихы арқылы күллі қазақстандықты тәрбиелеу – парыз, ол елдің бірлігін, тұтастығын нығайта түсетін болады.

Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ,
«Әділет тарихи-ағарту қоғамы» төрағасының орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты.
egemen.kz

(Басы 1-бетте)

ЗОБАЛАҢНАН ҚАЛҒАН ЗОР ҚАУІП

Өлген адамға да, малға да сұрау жоқ. Бір ғана мақсат, Кеңес жауларын – бандыларды аяусыз қыру! Ол «жаулар» да, «бандылар» да – баяғы қазақ халқы...

Осы кезеңдерде жікке бөлу саясаты қатты жұмыс істеді. «Сен Қызыл армияның жауынгерісің, алдыңда жауың тұр, Кеңес өкіметінің жауын аяусыз қыр! Мейлі ол бірге туған бауырың, немесе ол әкең мен шешең болса да жау ретінде жой! Міне қызылдардың талабы! Бір мысал келтірейін...

Біздің әкелеріміз аса бай болмаса да, ел қатарлы өмір сүрген адамдар екен. Малдарын баққан адамдар өздерінің ет жақын туыстары. Бірі жегенді бірі жеп, бір ауылмыз деп аштан өлмей, көштен қалмай өмір бойы өмір сүріп келген адамдар. Ел арасына жік түскенде біздің ауылдан да қызыл көздер шығыпты. Адам дүниеге тойған ба? Нарын әулетінің малын біз неге иемденбейміз деп қора-қора қойды, үйір-үйір жылқыны бөліске салған көрінеді. Соның алдында Жаркент уездік милицясында істейтін Ахмет деген бауырымыз астыртын адам жіберіп, «әулеттің басшысы Оспанға тықыр таянды. Қашпаса итжеккенге айдалады» деп суық хабар жібереді. Алдындағы айларда Оспан атамыздың кіші әкесі Піскенбай атамыз, «қызылдарға беретін малым жоқ» деп салық жыйнаушыны құры қол қайтарғаны үшін Жаркент абақтысына жабылған екен. Еті тірі, көзі ашық Оспан атамыз абақты бастығына сұрағанын беріп жүріп шығарып алған екен. «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» дегендей, бар бәле осыдан басталды дейтін менің әкем кейін бір еске алғанында.

Әлгі астыртын хабардан кейін Оспан атамыз бас болып, (онда қылшылдаған жас кезі) Қытайға қашуды ойластырады.

– Оспан кетсе, бәріміз кетеміз. Біз бәлшебектердің қайбір нағашысы едік, мұнда қалсақ не аштан өлеміз, не оқтан өлеміз, – дейді әулеттің үлкендері. «Алдымен бүгіннен бастап малды тау арқылы айдап, шекараға жақын жерде ұстайсыңдар», – деп екі адамға тапсырады. Малшылармен бірге жеті-сегіз жасар жасар менің әкем мен алты жасар інісі Мұқаметәли ағамыз бірге жүреді. Шекарадан арғы бетке адам өткізіп жүрген, қызылдардың тілімен айтқанда «бандылар» Нұрбек ағамыз бен Сауыт ағалар оншақты жігітімен көшті қорғайтын болады. Айтты – бітті! Керіліп-созылуды уақыт көтермейді. Ертесі қас қарая көш орнынан қозғалғалы жатқанда сап етіп көрші ауылдағы жақын ағайынымыз Асан келе қалады. Оның қызылдарға кіргенін білетін Нұрбек пен Сауыт бас салып ұстап, өлтіріп кетейік дегенде әжеміз ара түсіп, ұзақ жолға қан төкпей аттанайық деп ырымдаған соң, байлап тастап кетеді. Түн жарымына таман әжеміз жасырын кісі жіберіп, қолын шешкізіпті. Қызылдың құйыршығы Асан босай салысымен ат тауып мініп, Қорғас шекарасына қарай құстай ұшады. Көш кетіп барады деген хабар алысымен дереу қарулы отряд

шығады. Түс ауа шолғыншы адамдар отрядты алыстан байқап хабар береді. Нұрбек аға көшпен бірге үш-төрт адам қалдырып, қалғандары әлгі жазалаушы топпен алыстан атысып, беттерін басқа жаққа бұрып әкетеді. Міне, әлгі «бандылардың» арқасында біздің үлкен әулет шығынсыз шекара асып барып, «ух» деп ес жыйыпты. Екі күннен кейін Нұрбек пен Сауыт адамдарымен келіп құтты болсын айтады.

– Ойпырым-ай, әлі Асан оңбаған босап барып солдат ертіп келіпті. Алыстан анық таныдым. Атып едім, тиді ме, тимеді ме білмеймін, көрінбей кетті, – депті Нұрекең шәй үстінде.

– Оны босаттырып жіберген мен едім қарағым, ит те болса туыс қой, – дейді әжеміз.

– Әй әже-ай, сол туысымыз қырғынға ұшыратуға аз қалды емес пе! Қайта дер кезінді шолғыншылар байқап қалып аман қалдыңыздар. Қызылдың сілімтіктері дос-туысты біле ме? Олар әкесін де атып тастап, партия тапсырды деп жүре береді ғой, – деп басын шайқап қарқ-қарқ күліпті Нұрбек...

Кейін, атамекеніне қайтып оралған алпысыншы жылдары сол Асанды біздің Тұрсын ағамыз бір тойда көріп қалып, ит сатқын, сен әлі тірі ме едің деп бас салады. Тойдағы ел әзер ажаратып, болған іс болды, ол сатқын емес, өзінің қызыл әскеріне адал болды. Өмірдің заңы солай деп басу айтады. «Кезінде шекарада осының себебінен қырылып кетуге аз қалдық, мен бұл жүрген жерде жүре алмаймын» деп Тұрсын ағамыз Талдықорған жаққа көшіп кетеді. Олар өле-өлгенше бірі-бірін көрмей кетті. Міне, Кеңестік өкіметтің қазақты екі тапқа бөлгенінің қарапайым бір жемісі. Ағайын мен ағайынды, туыс пен туысты ажыратты, бір-біріне өлгенше қас қылып кетті...

Мұндай оқиғалар ел ішінде көп айтылады. Көбі қантөгіспен қайғылы аяқталып жатады. Одан кейінгі қазақтың бас көтерер азаматтарын жаппай қамау, Жапонның шпионы деп наһақ жаламен ату арқылы қайсар қазақты қырғынға ұшыратты. Алашордашылар, қоғам қайраткерлері, «жаптым жала – жақтым күйемен» қамалып жатты. Ахмет, Әлихан, Міржақып, Сәкен, Ілияс, Бейімбеттер сұрақсыз атылды. Жасампаз қазақ болуды желеу етіп, жасанды ұлы мұраттарды уағыздаған болып көлгірсіген қараниет қорқаулар миллиондаған адамдардың жанын қиды. Кеңестік дәуірдің алғашқы жылдары халық арасында репрессиялық саясаттың жаппай жазалаушы механизмі қалыптасып ұзақ жылдар бойы «халық жауларымен» үзіліссіз күресте жетілдіріліп отырды. Әсіресе 1937-38 жылдары бұл механизм барынша аранын аша түсті. Егер 1930 жылдың ортасында саяси репрессия орталықтағы және жергілікті жердегі сталиндік жетекшілікке қарсы елдің әлеуетті тобына жүргізілсе, 1937 жылдары террор тотальдық сипат алды.

Қазірге дейін Қазақ тарихының әдейі көмескі жазылып, көптеген жайттардан қалың оқырман мақұрым қалып келгені қынжылтады. Бүгінгі жастар соның қайсысы рас, қайсысы жалған екенін ажыратудан қалып барады. Десек те, қаламгер қауым қазақ қоғамының басынан кешкен зобаландарын барынша айқын жазып, халықты оятып отыруы қажет. Осы салада кино-фильмдер де, көпшілікке арналған телебағдарламалар да барынша басымдықпен жарық көруі керек. Құғын-сүргін құрбандарының ескерткіштерін көрнекті жерлерге қойып жатсақ нұр үстіне-нұр болар еді.

1992 жылдары Жаркент жұрты Тәуелсіздікке тағзым ретінде аудандық «Қазақ Тілі» қоғамдық бірлестігінің қолдауымен біршама іс-шараларды жүзеге асырды. Марқұм «Азат қозғалысының» төрағасы Балғабаев Мәлік Рақымбекұлының бастамасымен Жаркент қаласының шығыс тұсына үлкен тас әкеліп қойдық. Себебі сол маңайдағы мал азығын дайындайтын (Силос бастыратын) шұңқыр қазу кезінде, (қазіргі Кішішығаң ауылының кіреберісінде) адам сүйектері шықты. Сұрастырып көргенде ауыл қариялары ашаршылық жылдары осы жермен қытайға қарай аш-жалаңаш адамдардың жыл бойы ағылғанын айтты. Солардың өлгендерін жиып әкеліп осы шұқырға көмген екен. Сол орынға «Құғын-сүргін құрбандарын» еске алу монументі орнатылды. Мәлік Рақмбекұлының мамандығы тарихшы еді. Көзі тірісінде көптеген тарихи-зерттеу материалдар жазғанын білуші едік. Соның біразы бақылық болған соң шыққан кітабына кірді.

Жаркент өңірінде мұндай орындар баршылық. Сол нәубет жылдары Қазақ елін басқарған Голощекиннің қанды ізі аудан жұртының жүрегінде мәңгіге қалып қойды. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, айтылып та, жазылып та келе жатыр. Ұлт намысына тиетін қисынсыз әректтер жастардың назарынан тыс қалмауға тиіс. Біздің ертеңіміз осылар. Сол себепті халықтың басынан кешкен барлық ауыртпалықтар ешқандай бүркелемеусіз, бұрмалаусыз жетіп отырса, біздің жас ұрпақ өз керегін ала алады деп сенемін. Сталиндік жазалаудың құрбаны болған қазақ халқының өсіп-өркендеуі барынша тежелгені ақиқат! Сан жағынан да, сана жағынан да. Соның салдарынан халықтың зердесі көмескіленді, мінезі бұйығыланды. Азаматтар арасында жалтақ мінез, жағымпаздық, жалақорлық белең алды. Тәуелсіздік алғанымызға отыз жыл болса да, жасық мінез қанымызға сіңіп кеткені сонша, бүгін де сыбырлап сөйлесетін ағайындарымыз баршылық. Билікпен тең дәрежеде тілдесудің орнына қорқақтаймыз, ашық пікір алмасудың орынана жалтақтаймыз. Ана тілімізде, мемлекеттік тілде тілдесуге қала түгілі ауданда да жасқанамыз. Бөтен тілде бөсуге құмармыз. Бұл зобаланнан қалған зор қауіп! Қазақ жастарын бұрынғы өжет, өр қалпында көруден артық бізде арман бар ма! Енді ұрпақ осындай жарамсыз мінездерден арылып, ілім-біліммен жан-жақты қаруланып, Қазақ елін алға бастайтынына сенгім келеді! Жастардың арасынан болашақ алаш көсемдері өсіп шығары анық. Алайда оларға алаштықтардың тағдарын емес, Қазағы үшін қасқайып тұратын ерлігін берсін деп тілеймін жаратқаннан!

Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, Панфилов ауданының Құрметті азаматы.

Шаяхмет АЛЖАМБАЕВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын.

Назарларыңызға ұсынылып отырған «Нәубет» поэмасын жазуыма 2007 жылы Шәріпхан Әбдіоқапұлы ағамыз таныстырған «Көктал» аулының тұрғыны Зейнел ақсақалдың әңгімесі түртті болды. Сол кезде жасы 95-ке жақындап қалған ақсақал өзі 14 жасында көзімен көрген қанды қырғын жәйлі ұзақ әңгімелеген еді. Поэмадағы кейіпкерлердің бәрін де бұрыннан танитын Зейнел ақсақал олардың әрқайсының түр-тұрпатын да ұмытпапты.

Бас кейіпкер Әбді-Әбдіраман, оның сенімді серіктері Сауранбек мерген, Қонаш ақын, Әбілғазы, тағы басқа ер-азаматтар қызыл империяның солақай саясатынан қысым көріп Қытайға үдере көшкен көшті қуып жетіп, оларға аяусыз оқ жаудырған отряд жасақшыларымен атысуға мәжбүр болды. Шұбырған ұзын көш арғы жаққа аман өтті. Отрядтың жолын бөгеп, қарсы атысқа шыққан ерлер сол жерде мерт болды. Қызыл әскер тарапынан жасалған мұндай қатыгездіктің біз естіп, біліп қағазға түсірген біреуі ғана. Әлі қаншасы айтылмай жатыр?

КІРІСПЕ

Әркімге Атамекен – гүл әлемі
Таулары, даласы ыстық құба белі.
Қорғас пен Алтынемел аралығын
Ежелден мекен еткен Суан елі.

Арқасқа* сайын дала, самалы ескен
Бір кезде Қазығұрттан ауа көшкен.
Тағдырдың талай тап кеп тәлкегіне
Басынан қилы-қилы заман өткен.

Белжайлау, Сарыбел, Шежін жері қандай?
Бүлдірген, рауғашының сөлі балдай.
Баркөрнеу,Үйгентас пен Қарағайлы,
Көрген жан қарай берер көзін алмай.

Қорған боп Жетісуым шығысыңа
Оңай ма жауға қарсы тұру сірә?
Осындай жер жәннатын сақтап қалған
Бабалар мың-мың тағзым Рухыңа!

Шапқанда лек-легімен қалың ойрат
Бұқпаған қара бастың қамын ойлап.
Бекініп майдан ашып Орбұлақта
Көрсетті алты жүз ер жауына айбат!

Ел үшін бойларына жігер бітті.
Дұшпанға атой салды кілең мықты.
Ұрпақтан-ұрпақ мәңгі жыр етеді
Тарихта теңдесі жоқ бұл ерлікті!

Ерлерден жау үреймен қашқан жөнеп
Жазылар олар жәйлі дастан бөлек.
Арада үш жүз елу жыл өтсе де
Ұрпақтары ұмытпай тапқан дерек.

Қырқыстың қалмақпенен жүздеген жыл
Мазаңды алды дүрмегі дүрбелеңнің.
О, халқым, жаугершілік заман орнап
Берекесін кетірді-ау, іргелі елдің.

Осылай ғасырлардан ғасыр өтті.
Ойраттың өзі түгіл аты да өшті.
Айтпасқа болмас тағы бүгінгіге
Бабалар бастан кешкен қасіретті.

***

ЭТНОГЕНОЦИД

«...1929-1933 жылдар аралығында Қазақстанда ОГПУ органдары 3386 адамды ату жазасына кесті. 13 мың 151 адам түрлі мерзімдерге түрмелерге қамалды. Бұл жылдарда барлығы-100 000 дай адам сотталды.»

«...Сол отызыншы жылдарда аштық пен аурудан 2 млн 500 мың адам өлді»

Қазақстан тарихы, 3-том, 213-214 беттер

1

Сонау кез, Кеңес* билік құрған өктем
Нақақтан бар жақсыны құрбан еткен.
Осылай ел басына НӘУБЕТ төніп,
Сүреңсіз, Қуғын – сүргін жылдар өткен.

Жас ұрпақ, қасіреттің ізін білгін!
Оқы да түсіне біл мұңын жырдың.
Талай жыл жасырылған шындықты
айтып
Армиял* жазып кеткен
«Қызыл қырғын»

Қоймады бір парызым жазбасыма
Келгенде толысқан бұл ер жасына.
Талайды жалған ұран жарға жығып
Қаһарлы жылдар туды ел басына.

Аянбаған қазақтың теңдігі үшін
Қайран Алаш, не болар ендігі ісің?
Қайда кетті мал – мүлік тәркіленген
Жайлап кетті сұм аштық елдің ішін.

Кіші Қазан* жалыны шарпып елді
Зиялылар ит азап тартып өлді.
Голощекин билікті қолына алып
Тұралатты қатыгез тәртібі елді.

Жауыздың жаны аши ма, жатқа сірә?
Ойларын іске асырып жатты асыға.
Асыра сілтей берді жету үшін
Этногеноцидтік мақсатына.

Бөліс боп жеріміз де, малымыз да
Дәл бүйтіп талаған жоқ жауымыз да.
Ұлы істің ұлы күні көктемдегі
Тойланбай тоқтатылды Наурыз* да.

Шек қойды ата дәстүр кәдесіне
Ескілік, – деді. – Оның қажеті не?
Сөзіңнен абайсызда жаңылыссаң,
Қаласың «белсендінің» пәлесіне.

Белжайлау ұмытылып той – думаның.
Салт-дәстүрге тыйым сап жойды бәрін.
Бәрі де ескіліктен сарқыншақ боп
Бұл күнде жарқылдауды қойды қауым.

Дау айтқан саналды елдің дұшпанына.
Комиссарлар алды оны қыспағына.
Әйгілі Уәлибай мешіті де
Айналды қызыләскер штабына.

Мұсылманбыз дегенді жеккөреді.
Имансыздық осылай жеткен еді.
Медресе өзгерді пошта болып
Бабалар салған Қызылеспедегі*.

Жұтап жайлау, малы жоқ жұтап өріс.
Күйіп жатты талайлар құса боп іш.
Жігерсіздер жалт беріп сатқаннан соң
Кетіп тынды Қытайға Мұқа болыс*.

Асылдарға белсенді шүйілді өңшең
Бас қатырмас ойлаумен күнінді ертең
Кетті Мұқа істерге лажы болмай
Түк шықпайтын ісінен түңілген соң.

Қаһарланып, шүйлігіп бай-манапқа,
Кәрін төкті Сібірге айдамаққа.
Ата кәсіп тартпаса қиындығын
Мал бітіпті тектен тек қай қазаққа?

Дүниесін біреудің олжалаған
Большевиктер не болды сонда бағаң?
Тапқа бөліп, құр зорлық-зомбылықпен
Жақсы заман ешқашан орнамаған.

Күн туса бірін-бірі қаралаған
Тартылу оңай екен жазаға адам.
Бұл заман қиын болды-ау малы барға
Бәрін де осы бір ой мазалаған.

Жанға батып бүлінген ел арасы,
Бойларына дарымай жеген асы
Сегіз қанат Әбдінің ақ боз үйін
Бетке алды бүгін бір топ ел ағасы.

Сезгендей ел басында сұр өмірді
Таулар да төне қалған түнерулі.
Тек қана Баркөрнеу тұр шоқтығы асқан
Тұрғандай жасытпа деп жігеріңді!

– О, жұртым, болар деп ем бір амалы
Сәбеттің* ұнамай тұр мына даңы.
Ар жаққа* көшіп кетпей тыныштық жоқ
Шыдауға төзім жетпес бұдан әрі.

Қарқылдап өз ішіннен жаман қарға
Құйыршық болып жатса амал бар ма?
Құл болып саясаттың шоқпарына
Еліннің ертеңі үшін алаңдар ма?!

Қызылдың айла-әдісін сараладым
Тоқтатпас енді бізді талағанын.
Әріден ойласақ та елдің қамын
Қоймайды ала көзбен қарағанын.

Есіңді сансырамай жый халайық!
Қиналсақ еркіндікте қиналайық.
Құды ғой «мен-мен» деген Мұқаны да
Ар жаққа біз де енді жиналайық!.

Қысқаша сөзін Әбді тамам қылды
Аяйды қамданбаса заман кімді?
Қабылдау керек шешім тез арада
Өйткені бәрі тыңшы, бәрі аңдулы.

Сөйледі жиналғандар жөн-жөнімен
Бір сақтық байқалады сөздерінен.
Сауранбек, Әбілғазы, Қонаш ақын
Ағалар ақыл берер төрде кілең.

Дәл бүгін келу керек шешімге бір
Кешіксең кімге керек өкінгенің?
Еңсені ауыр ойлар езгілеген
Бәрі де іштен алып отыр демін.

Көшпесең биліктің бар қылбұрауы
Ал көшсең, не күтіп тұр бұлдыр әлі.
Ақыры ақылдасып кеңесті де
Көшуге белді бекем буды бәрі.

НӘУБЕТ

(Поэма)

1929-1933 жылдардағы ашаршылық және репрессия құрбандарының рухына



***

2

БЕЛЖАЙЛАУДАН ШЫҚҚАН КӨШ

«Күнкөрістің басты көзі-малдарынан айырылған қазақтар дала жолдары мен қала көшелерінде ондап-жүздеп аштан өліп жатты»
(Қазақстан тарихы, 3 том, 214 бет)

«Көккезең, қайран Көккезең
Енді бізге жоқ Кезең»
Аталардан қалған сөз.

Бас көтерген зиялыны қырған кіл
Замананың күрсінісін тыңдар кім?
Момын жатқан елге салған ойранын,
Мың тоғыз жүз отызыншы жылдар бұл.

Сталиннің болса да көп қатесі
Атанды ол бар «халықтың әкесі».
Алаш біткен құқай көріп жатқанда
Суанның қызды дейсің қай шекесі.

Түсінбейтін жүріп жатты бір күрес
Деп санайсың кімді дұшпан кімді дос.
Белжайлауды артқа тастап барады
Тоқтар жері мәлімсіздеу мұңлы көш.

Белжайлаусыз өмір бар ма? Жоқ анық!
Екіталай көруі енді оралып.
Бара жатты ұнжырғасы түскен жұрт
Өз елінен тепкі көріп, тоналып.

Белжайлаудан көш барады жай жылжып,
Билікке кім қарсы тұрар айбын ғып?
Бәрінің де өкініші бір ғана,
«О, туған жер, Белден, көлден
айрылдық!»

Бұған ара тұра алады кім бірақ?
НКВД кәрін төгіп тұрды нақ.
Шұбатылып бара жатыр мұңлы көш,
Кәрі-жасы, ұл мен қызы тұнжырап...

Көш ішінен Нұрбек шықты жотаға
Атбегі еді ол, отыздағы от аға.
Жүдеу көңіл нартұлғалы қайран ер
Лажсыз күйде жылап тұрды о, тоба!

Нұрбектің қоштасуы:
– Қайран бір қайран жерлер-ай!
Сайран бір салған жерлер-ай!
Бозбала дәурен қызығы,
Қойнында қалған жерлер-ай!
Бүлдіршін шақта тай мініп,
Құлдилай шапқан жерлер-ай!
Жігіт боп мініп сәйгүлік,
Жұлдыздай аққан жерлер-ай!
Қырдағы қызды ауылға,
Ұрланып барған жерлер-ай!
Қарамай боран, жауынға,
Нұрланып барған жерлер-ай!
Бір аруыңды жар етіп,
Сәулем дескен жерлер-ай!
Өмірді шекер бал етіп,
Дәурендеткен жерлер-ай!
Сары саумал сапыртып,
Қымыздатқан жерлер-ай!
Бір үйді бір үй шақыртып
Дуылдасқан жерлер-ай!
Сес болып жауға ұраны,
Бабалар майдан ашқан жер.
Су емес Ордың бұлағы,
Қып-қызыл қан боп аққан жер.
Ала алмай жаулар сонда да,
Бақыттың дәмін татқан жер.
Аяқсаз, Итшоқы арасы,
Бәйгеге талай шапқан жер.
Береке дарып қойныңа,
Ырысың асып-тасқан жер.
Жаннаты болып Арқастың,
Белжайлауым жатқан жер!
Бейқам бір жатқан далам-ай,
Қандай да болар заман-ай?
Айдалып жатыр арыстар,
Ақ-қарасына қарамай.
Бейсенбай, Мәлік, Нұрдәулет,
Шыныбек* асыл ағам-ай,
Бәріңді халық жауы деп,
Нақақтан жапты жалаңы-ай.
Қандай да болар заман-ай?
Жайнаған әсем өлке едің
Не болар енді ертеңің?
Жегідей жеп өкініш
Өзегімді өртедің.
Қараймын қимай шыңдарға
Қараймын қимай қырларға
Қуылдық Өсек бойыннан
Бұдан бір өткен мұң бар ма?
Мұңыңды билік тыңдар ма?
Хош енді хош бол, Белжайлау
Айналып көрер күн бар ма?

Ажардың қоштасуы:
– Арман да арман, арман-ай,
Заманның басқа салғаны-ай.
Белжайлау, Текше, Көккезең
Сағым боп артта қалғаны-ай.
Қоштасам қалай өзіңмен
Әнімді қимас арнамай.
Тыңдағын далам, тыңдағын
Тыңдағын таулы шыңдарым.
Гүлдәурен шағым қойныңда
Тыңдағын әсем қырларым.
Көз жасымменен тамып қал
Жүректен шыққан мұңды әнім.
Тыңдағын бәрің тыңдағын!

Хош аман бол өскен жерім
Қызық дәурен кешкен жерім
Құрбылармен жайраңдасып
Гүлін терген бөктерлерім
Жалған-ай...
Арайлап атқан таңдар-ай!
Өмірдің тарқап базары
Тағдырдың басқа салғаны-ай!..

Баурайыңнан ел кетпеген
Белжайлауым жер жетпеген.
Сөз таба алмай көркіңе әсем
Кестелеуші ек өрнекпенен.
Дәурен-ай!..
Той тойлаушы едік сәнмен-ай
Бәрінің шырқы бұзылып
Замана салған әурең-ай..

Хош аман бол өскен жерім,
Аршалы сай, көк белдерім.
Сағындырар айлы түндер
Жанға жәйлі ескен лебің.
Жалған-ай...
Арайлап атқан таңдар-ай.
Өмірдің тарқап базары
Тағдырдың басқа салған-ай!..

Басатұғын жан құмарын
Суы кәусар бал бұлағым.
Тебіреніп тереңімнен
Осы әнімді қалдырамын.
Жалған-ай!..
Арайлап атқан таңдар-ай
Өмірдің тарқап базары
Тағдырдың басқа салғаны-ай!
Жалған-ай...
Жалған-ай...

Сазды ән кетті кең далаға қалықтап
Тыңдады ұйып таныс таулар, таныс бақ.
Мұңлы көшті мұңлы әуен тербетіп,
Белжайлаудан ұз-а-а-п кетті алыстап.

Тыңдады әнді қалың жыныс, көл ұйып
Жұпар иісті аршалы сай, бел ұйып.
Қала берді әсем өлке жәннатты
Жетісудың Белжайлауы-Жерұйық

***

3

ҚАНТӨГІС

Әскерилер кілең қару асынған
Кім жақпаса, «контра» деп ақырған.
Ойда жоқта жетіп келіп сау етіп,
Бейбіт елдің зәре-құтын қашырған.

Барар жері түрме болды шын ердің
Өз жұртына жамандықты тілер кім?
Жайшылықта тірлік кешкен момақан
«Контраңмен» шаруасы не бұл елдің?

Марксизм билеп таптық сананы
(Қазаққа оның қатысы да шамалы).
Қиырдағы Жаркентте дүрілдеп
Жүріп тұрды «қызылдардың» заманы.

Болса дағы дархан дала, жері бай
Кейде өзін-өзі қырған елім-ай!
Ала таңнан жетті штабқа өрекпіп
Қызылдардың құйыршығы Селібай.

Осы жолы үндемесе болмас па?
Мұнша неге сатқын болды ол қасқа?
– Жолдас бастық! Ел қашты!, – деп алқынды
– Ұстау керек! Жетіп қалды Қорғасқа!*

Комотряд қаруын ап қолына
«Алға!» деді сақадай сай тобына.
Өз жұртына жау көргендей атойлап
Бір топ әскер түсті көштің соңына.

– Комотряд, жау іздеген көз ілмей
Сабаңа түс, ақылға кел елірмей.
Олар-дағы құштар жандар өмірге
Олар да адам, олар да адам өзіңдей.

Тоқтау қойып бұл себепсіз дабылға
Комотряд, дереу шешім қабылда!
Босқан жүдеу көңілдерді жылатпа
Түбің де бір, бір ғой сенің қаның да.

Комотряд! Өз халқыңды сүйе біл
Құлы болма жалған ұран жүйенің!
Еш бұйрықсыз әскерді өзің көтердің
Ендеше бұл бассыздықты тый өзің!

Бір-біріңе жатқан іште зіл бардай
Өзді-өзіңмен қырылысу бұл қандай?!
Тоқтат! Тоқтат! Қан төкпегін жазықсыз!
–
Тау мен Дала осыны айтып тұрғандай.

Атты әскерлер құйындатты асыға
Дақ түсірмес «қызыл қыран» атына.
Жағасына ілінгенде Қорғастың
Ұзын көшке қауіп төнді-ау, қапыда.

Мейірім жоқ кей жүректер мұз неге?
Жауыздығын айту ауыр тілге де.
«Атыңдар!» деп екі көзі қанталап
Комотряд бұйрық берді зілдене.

Қарулы әскер бейбіт көшке оқ атты
Ажал оғын үсті-үстіне боратты.
Азан-қазан шулады жұрт үрейлі
Бұрын-соңды кім көрген бұл тозақты!

Тар жол – тайғақ кешу деген қиын, ә.
Тағдырдың бұл не айтарсың «сыйына?»
Басқа түскен сын сағатта іркілмей
Әбді дереу кесіп айтты бұйыра:

– Өлім деген осы шығар кезексіз!
Мәлік, көшті арғы жаққа тез өткіз!
Қанқұмарлар бәрімізді қырмақшы
Тоқтатайық атыс салып, тежеп біз!

Бәрі құптап мына сөзін Әбдінің
Ыза теуіп, кек кернеген әрбірін
Атыс салды қарсы тұрып қасқая
Ажалдары жетсе-дағы дәл бүгін.

Көш қорғауға дайын ерлер қайратты
Мергендерін алдын-ала сайлапты
Қарсы тұрып отрядқа тайсалмай
Алғы шепте бірнешеуін жайратты.

Көздеп атып, Сауранбектей қас мерген
Тежеді оқыс қалың топты лап берген..
Әбілғазы, Болысбек те жаужүрек
Атыс салды күші басым әскермен.

Амал қанша қарсы жақтың мол саны
Шағын топты жан-жағынан қоршады.
Комотряд безірейген тасжүрек
«Атыңдар!»-деп бұйрық берді ол тағы.

Саспады Әбді оқ тисе де жамбасқа
Нағыз ерлер елін қорғап қалмас па?
Көп әскердің иманын бір үйірді
Шын ержүрек, жасын ұлдар, наркасқа!

Көздегенін мұлт жібермес Сауранбек
Командирді нысанаға алды-ау дөп.
Бірақ оның атын атты әдейі
Тоқтар ма деп жаным аман қалды-ау деп.

Оқ тиіп ат қара жерді құшқанда
Комотряд мұрттай ұшып түсті ол да.
Көздеп тұрып бұл жолы да атпады
Сауранбекті санаса да дұшпанға.

Комотряд тұрды орнынан атыла
Тоқтатар ой келген де жоқ басына.
Тапаншасын жөн-жосықсыз атқылап
«Қырыңдар!» деп бұйрық берді ақыра.

Қанқасапты тоқтатпады еш адам
Қайран ерлер осы болды-ау, Қособаң?!
Тізе бүкпей қарсы алды олар өлімді
Арғы жаққа өтті әйтеуір көш аман...

***

Белжайлаусыз өмір бар ма? Жоқ анық!
Екіталай көруі енді оралып.
Өз елінен тепкі көріп босты жұрт
Жат ел тіпті есіркемес – ол анық!

Елдің мұңы менің-дағы мұңым бұл.
Безейді деп кінәлама тілін құр.
Суыртпақтап сырын аштым тарихтың
Келер ұрпақ өткеніңді біліп жүр!

Бас көтерген зиялыны қырған кіл
Заман зарын біз тыңдамай тыңдар кім?
Келер ұрпақ, ұмытпағын НӘУБЕТІН
Мың тоғыз жүз отызыншы жылдардың!

Алматы, 2008 жыл

** Арқас – Жоңғар тауының ежелгі аты*
** Кеңес – Кеңес өкіметі*
** Армиял Тасымбек*
** Кіші Қазан – Кіші Октябрь төңкерісі*
** 1929 жылдан бастап 1989 жылға дейін Наурыз мерекесін тойлау тоқтатылған*
** Қызылеспе-қазіргі Еңбекші ауылы*
** Мұқа болыс – Кеңес өкіметіне қарсы шығушылардың бірі*
** Сәбет – Кеңес өкіметі*
** Ар жаққа – Қытай елі*
** Бейсенбай Саламатұлы, Мәлік Ыбырайымұлы, Нұрдәулет Жексенбиұлы және Шыныбек Жексенбіұлы - Жаркенттен шыққан білімді азаматтар, 1930-33 жылдарда Сталиндік саясаттың қуғын-сүргініне ұшырағандар.*
** Қорғас – өзен атауы*

Мен – қазақ, бір өмірмін, бір адаммын...

Айғаным ҚАЛИНҰР,
Панфилов ауданы,
Ақжазық мектебінің
8-ші сынып оқушысы.

МЕН АҚЫНМЫН...

Бір Суаннан тараған, мен – ақынмын,
Сондықтан ба, ұлы өнерге жақынмын.
Күндіз-түні өлеңіммен сырласып,
Қаламыммен талай шабыт шақырдым.

Мен – ақынмын өлеңіме гүл еккен,
Жарқын жолды тауып шыққан
түнектен.
Өзім әлі бала ақын болсам да,
Әр сөзімді сезінемін жүрекпен.

Мен ақынмын, ой тереңін таба алған,
Өлеңдерім қиялымнан қаланған.
Өтірік жыр жазудан да аулақпын,
Әрбір жырым тек шындықтан
жаралған.

Мен – ақынмын, табиғатпен мұңдасқан,
Өлеңіме күш бітірер нұрлы аспан.
Жабырқаған, зеріккен бір сәттерде,
Ермек болар жансыз затпен сырласқан.

Мен – ақынмын, өзімді енді таныдым,
Жырмен баурап барша қазақ қауымын.
Жүздеріне пәк күлкіні үйіртем,
Таң қалады тұрса-дағы алыбым.

Мен – ақынмын, өнер жолын жалғадым,
Қиялыммен бар әлемді шарладым.
Осы өлеңді бір тартуым болсын деп,
Өнер сүйер қазағыма арнадым.

МЕН – ҚАЗАҚПЫН!

Ежелден даңқы шыққан батыр елім,
Бар байлықты көмкеріп жатыр елім.
О, халқым, бұл жырымды қабыл алғын,
Айғанымдай жас буын ақын едім.

Күн кешем Еуразия кіндігінде,
Көшпелі киіз үйдің түндігінде.
Үш жүздің басын қосып жинақтаған,
Шек бар ма қазағымның бірлігінде?!

Тарихта бір шегі жоқ жаңғырықпын,
Бүгінде сырын аштым сан күдіктің.
Бір рет те туын жықпай сақтап келген,
Мен – қазақпын, ұлы елмін,
мәңгілікпін!

Досты таңдау жолында жаңылмадым.
«Домбыра – серігім» деп қабылдадым.
Даламның құдыретті күйі болды,
Алыста аңсап жүріп сағынғаным.

Жасымнан талай қайғы өткергенмін,
Зар заманның қорлығын көп көргенмін.
Жүрегіммен жет елді жастандырып,
Тіліммен тоқсан елді төңкергенмін.

Талай рет бүгіліп, құлағанмын,
Жазықсыздан-жазықсыз жылағанмын.
Күніне жүз ойланып, мың толғанған,
Мен – қазақ, бір өмірмін, бір адаммын.

Жасымнан жеті атамды жаттап өстім,
Бабамның сөзін есте сақтап өстім.
Жамандықты жүрекке жолатпадым,
Жақсылыққа жол беріп, жақтап өстім.

Сүйеу болып, сүрініп құлағанға,
Жәрдемші боп шын көмек сұрағанға.
Мен үшін, жапандағы жалғыз қазақ –
Шын мәнінде татиды мың адамға.

Ұрпағы бабаларын білген елім,
Көз қарайтпас өмірді сүрген елім.
Мен – қазақпын, рухым бар
қайталанбас,
Өмірге бір ғасырда бір келемін.
Қыран құстың көзі бар көрегенмін,
Ашық тұрар есігі ерен елмін.
Бүгінде жер-жаһанға әнімді айтып,
Әлемді бесігіме бөлегенмін.

Мен – қазақпын, тірегім – тілім деген,
Жан бар ма тарихыма үңілмеген?!
Ешқашан тағдырыма айып тағып,
Өтпелі өмірімнен түңілмегем.

Жаным, қаным, тілім де кіл тазамын,
Әр күн сайын тарихты бір қазамын.
Миллион жерді аралап жатсам-дағы,
Таба алмайтын жалғызым – бір
қазағым!

Теңдікке оңай жеткен ел емеспін,
Ондай елге өзімді теңемеспін.
Салтым бар, дәстүрім бар, ұятым бар,
Мен – қазақпын, ешкімнен кем емеспін!

Мәңгілік өзгермейтін атым қазақ,
Әрдайым жүрегіме жақын қазақ.
Қай жағынан оқысаң – бір мағына,
Мінекей, осыдан да атым ғажап!

Аспанында қыран құс қалықтаған,
Жатыр міне, кең-байтақ алып далам.
«Мен – қазақпын!» бұл сөзді айтқан
сайын,
Қиялыма жыр келіп, шабыттанам.

Жеті атамның күші бар жүрегімде,
Ол болмаса, осылай жүремін бе?
Айтатын жырым – қазақ, тілім – қазақ,
Қазағым үшін келдім бұл өмірге.

АНА ТІЛІМ БОЛМАСА...

Түпсіз-терең шыңға апарсам үнімді,
Тілдік бағдар қозғалады бүгінгі.
Өзге тілдің бәрін білгін, алайда,
Әрқашан да құрметте өз тіліңді!

Бар әлемді таң қалдырып тастаған,
Қазағымды жаңа жолға бастаған.
Қарсы алдымда ана тілім тұрғанда,
Айтыңызшы, не нәрседен жасқанам?

Тілге шешен бабалардың көзіміз,
Мағыналы әрбір айтқан сөзіміз.
Ана тілді одан сайын дамытып,
Одан сайын тоздыратын өзіміз.

Осы жағдай толғандырып жүр мені,
Шалалықты жөндейікші тілдегі.
Барша қазақ қазақ болып сөйлесе,
Ана тілім жүрмей ме екен ілгері?

Бұл өмірдің талай көрген азабын,
Үш тұғырлы тілді игерді қазағым.
Осы сәтте ана тілім болмаса,
Қалай оқып, қалай өлең жазамын?

Біз – қазақтар ана тілге берікпіз,
Қиналғанда арқа сүйер серікпіз.
Ойға салсақ, өзіміз де дүниеге,
Тіліміздің тағдырымен келіппіз.

Қазақ тілі мәңгі сыйлар жарасым,
Осы тілді қадір тұтсын Алашым.
Ана тілін бекітпеген өзге елдер,
Мына бізге қызғанышпен қарасын!

Туған тілім – аялаған анамыз,
Сол бір тілмен болашаққа барамыз.
«Ана тілім жоғалды ғой» демеңіз,
Бір көз салып мына бізге қараңыз!

ҚАЗАҒЫМНЫҢ ОРБҰЛАҒЫ!

Тарихымның үңілсем томдарына,
Қазағым қол жеткізді мол бағына.
Үш жүз де жетпіс бес жыл толып отыр,
«Орбұлақ шайқасының» болғанына.

Ел қорғаған – қазақтың батырлары,
Мәңгі тарих жалғасты артындағы.
Жақсығұл мен Елтінді, Қарасайлар,
Қазақтың жанашыры, жақындары.

Жоңғарларда жетерлік оқ болса да,
Қазақтан төрт-бес есе көп болса да,
Алты жүздей батырмен жеңіп шықтық,
Көмектесті біздерге ой мен сана.

Біз – ежелден мал-жанын баққан халық,
Соғыстың ащы дәмін татқан халық.
Жоңғарлар өздері кеп соқтықпаса,
Уайымсыз, ой бағып жатқан халық.

Сол соғыстан қалғаны аңыз дала,
Бұл тарихты демеңіз «аңыз ғана»!
Құпиясы – қазақтың бірлігінде,
Кім жеңіпті жауларын жалғыз ғана?!

Жоңғарлардың күнәсі – таласында,
Жүре берсе қайтер ед жарасымда?
Сол соғысты көзіммен көрмесем де,
Бейнесі тұр көзімнің қарасында.

Қазағым берік болсын тақымына,
Лайықты құрмет жасап батырына.
Тарихты оқып отырып, сол кездегі,
Таң қалдым ойлап тапқан ақылына.

Оған куә Белжайлау тауларым да,
Оған куә Жаркентім, ауданым да.
Мәңгі өшпес атымыз қазақ деген
Сөзді естісе қорқады жауларым да.

Кезінде жауға жарақ сайлағанбыз,
Енді міне, тәуелсізбіз, бай даламыз.
Бар болғаны тырыстық жеңілмеуге,
Сіз де бізді осал деп ойламаңыз.

Көгімде жұлдыз болып жанған мына,
Қазағым қол жеткізді арманына.
Сол соғыста ел үшін жанын берген,
Бас иемін батырлар аруағына.

Құбылып жүрегімде жыр туады,
Бар ойым Орбұлақ деп ұмтылады.
Намыс пен ел деп соққан жүрек барда,
Қазағымның бұзылмас ынтымағы.

Талай ағып, жаныпты жұлдызымыз,
Оларды жалғастырар ұл-қызымыз.
Алдыңызда тарихты жырлап өткен,
Халқым-ау, Айғанымдай бір қызыңыз.

ӘКЕШІМ

Жаныма шуақ төккен бір өзіңсің,
Нендей іс бүлдірсем де күліп жүрсің.
Мына мені ақын ғып өсіргенсің,
Өзге адамдар білмесе, біліп жүрсін.

Әрдайым қамқор болып анамызға,
Өмірлік жетекші боп балаңызға.
Бәріне адал болып жүргеніңіз,
Мәңгілік жаңғырады санамызда.

Әкешім, бала кезден жанашырым,
Біздерге тарту еткен бар асылын.
Дұрыс жолға үйретіп, ақыл берген,
Әрқашан қамын ойлап баласының.

Мейірбаным, әкешім – асқар тауым,
Аман болсаң, жоқ менің басқа арманым.
Мендегі бала жүрек лүпілімен,
Ойымды өлең-жырмен астарладым.

АУЫЛ КӨКТЕМІ

Жауқазынға жан бітіп,
Жұпар иісін аңқытып.
Жатыр ауыл көктемі,
Құстар әнін шалқытып.

Батыс жақтан күн шығып,
Оянуда тіршілік.
Көгеруде айнала,
Ағаштарда бүр шығып.

Сұлу гүлдер сыланған,
Арулардай бұралған.
Күннің күміс шапағы,
Шуақ шашып тұр алдан.

Ағаштар да бүр ашқан,
Бәйшешектер гүл ашқан.
Біздің ауыл көктемі,
Ойды тастап, қыр асқан.

Жусаны жұпар көк белден,
Еседі самал бөктерден.
Әдемі ауыл көктемі,
Ел көшіп жатыр көктеумен.

АЙНАЛАЙЫН

Айналайын, аспандағы күнімнен,
Шуағы мен сәулелері төгілген.
Айналайын, тіршілікке нәр берген,
Өзенімнен, айдынымнан көлімнен.

Мына жатқан сылдыр еткен бұлақтан,
Айналайын, бір көргеннен ұнатқан.
Айналайын, биік шыңды таулардан,
Ақындарға ақша бұлты сыр айтқан.

Айналайын, мына байтақ жерімнен,
Миллиондаған қазынасы көмілген.
Ұланбайтақ менің жайсаң даламда,
Маңдайлардан қаншама тер төгілген!

Мына тұрған жасыл-желек ағаштан,
Бұтағы мен жапырағы жарасқан.
Айналайын, мына мөлдір өзеннен,
Күміс суы тастарымен таласқан.

Айналайын, мына жауған жауыннан,
Бұлақ ағып жатар асқар тауымнан.
Айналайын, сүйенішім – елімнен,
Өнер сүйер мына барша қауымнан!

ҚЫЗЫҚ КӨП ҚОЙ АУЫЛДА...

Ауылымыз – аялаған анамыз,
Бала кезде ойнап, асыр саламыз.
Өзіміздің туып-өскен ауылға,
Каникулда демалуға барамыз.

Барамыз біз жазда аралап тауын да,
Аралауға барамыз біз бауын да.
Ыстық күнде өзеніне шомылып,
Қызық көп қой, туып-өскен ауылда.

Сіркіреген дауысынан жауынның,
Хош иісті гүл мен бақша, бауының!
Туған жерде жүрген қандай тамаша,
Ақжазығым – қызығы мол ауылым!

АНАҒА АРНАУ

Ашу-ыза басса да жанарыңды,
Бір рет болсын шытпадың қабағыңды.
Елжіреген сендегі ана жүрек,
Өмірден керектісін таба білді.

Анашым, қамқорымсың, мақтанымсың,
Жайдары ататұғын ақ таңымсың.
Ақтарылмай кеткен бір сырым болса,
Дәл қазір жүрегімнен ақтарылсын.

Отбасыңды сақтаған жарасымда,
Бар қасиет жиылған анашымда.
Мына мені ақын ғып тәрбиелеп,
Әрдайым жетелеген дара шыңға.

Өсіріп бес баланды аяладың,
Қолыңдағы барыңды аямадың.
Жап-жас болып тұрса да түр-әлпетің,
Өкінішті, елуге таяғаның.

Жеткізетін аңсаған шыңдарыңа,
Қыздарың да қасында,ұлдарың да.
Анашым, мендегі осы жалғыз тілек:
Қажымай, аман-есен жүр жанымда!

Қасында жүр немерең – Сезімің де,
Ол барда мұңайтпайды сені мүлде.
Тәуба дегін, қолыңды ұзартып жүр,
Толғанайдай алтын қол келінің де.

Қойдым ба, ана жырмен бір жылатып,
Кеше гөр, жазсам егер мұңды бақыт!
Аяқ асты жыр жазар әдетім бар,
Жүректе бала шабыт бүршік атып.

АҚ ЖЕҢГЕ

Толғанайдай жеңгем бар, қолы
алтындай,
Маған әркез сүйеніш болатындай.
Әпкемдей болып маған көрінетін,
Бізге ылғи сыпайы, жанашырдай.

Ақ жеңгеме риза болып қаламын,
Шуақ шашқан көрсеңіз ғой жанарын!
Алтын келін, ардақты ана, жақсы жар,
Жеңгем жайлы жыр жазады қаламым.

Инабатты жары боп ағашымның,
Келіні боп аяулы анашымның.
Мұндай жеңге әлемде табылмайды,
Қамын жеген Сезімдей баласының.

Шөліркеген шөл болып жатса жаным,
Шетсіз-шексіз мұңға егер батса жаным.
Әрдайым сүйеу болып, қолдау берген,
Ақ жеңгемнің барына мақтанамын!

Бізге ақыл-кеңесін берген жеңгем,
Алтындайын уақытын бөлген жеңгем.
Өз жұмысын лайықты атқаратын,
Ақ келіннің жолына ерген жеңгем.

Қуанышқа бөлеп жүрер бар маңын,
Осы жырды ақ жеңгеме арнадым.
О, жаратқан, қолдан келсе аянбай,
Орындай көр жеңгемнің бар арманын!

Бар мейірім жиылған қабағында,
Бар жақсылық ойнаған жанарында.
Жер-жаһанды аралап жатсам да мен,
Бұдан асқан жеңгені табамын ба!

АҚЫНДЫҚ ЖОЛЫМДАҒЫ ҰСТАЗЫМ

Панфилов ауданындағы «Жаркент жауһарлары»
Халық Шығармашылығы Орталығының
тәлімгері, өлеңдегі ұстазым
Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИГЕ

Ашып тастап өлеңнің
«Сыр сандығын»,
Жырларымен жылытып жүр барлығын.
Белгілі ақын Ислам-Ғали атамыздың,
Өлеңдерін өнеге қылам бүгін.

Ұстазым боп ақындық жолымдағы,
Үлгі болды өмірлік танымдары.
Көп шәкіртті баптапты, енді білдім,
Серік етіп қаламды қолындағы.

Көрді де талай мәрте талабымды,
Шыңдады менің балғын қаламымды.
Әр айтқан ұлағатты сөздерінен,
Шаттық нұры кернеді жанарымды.

Мен де ақын болуға ұмтылып ем,
Көп нәрсені білмей-ақ жүрдім, білем.
Сол бір кезде өмірлік ұстазым боп,
Таныстырды өлеңнің қыр-сырымен.
Көмектесті әрдайым жол табуға,
Ақындықтың алғашқы жолдарында.
Үмітіме әрқашан үміт жалған,
Жетеледі аңсаған арманыма!
Рахмет ата!

«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕК**
Бас редактор – **Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары – **Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**
Дизайнер – **Әділет МҰСАХАЕВ**

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➢Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➢Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➢Газет индексі - 65161
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➢Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➢Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
➢Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №174